

***Ўзбекистан Республикасы халық білімдендіру уәзірі
Әжініяз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика
інституты***

Мектепке шекемгі және бастауыш тәлім факультети

5111700- Бастауыш тәлім және спорт тәрбіелик ис

«Бастауыш тәлім методікасы» кафедрасы

Бакалавр бітіру жұмысы

***Тақырып: «Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын
қалыптастыру және нығайту жолдары»***

**Бастауыш тәлім және спорт тәрбие жұмыстары
4-курс студенті**

Худаярова Қундыз

**Ғылыми басшысы:
Кафедра басшысы:
Хаткери:**

**Абдимуратов П.
Айымбетов М.
Мырзабекова Ғ**

НӨКІС – 2015 жыл

Қорғауға рұхсат етілді:

Кафедра басшысы

проф. Айымбетов М.

Ғылыми басшысы

доц. Абдимуратов П.

Бітіруші Худаярова Қундыздың **«Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары»** тақырыбында жазған бакалавр бітіру жұмысы мемлекеттік аттестация комиссиясы жағынан көріп шығылып

қарар етеді:

Бітіруші Худаярова Қундыздың **«Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары»** тақырыбында жазған бакалавр бітіру жұмысы мемлекеттік аттестация комиссиясы жағынан көріп шығылып « » бағасы қойылсын

МАК бастығы:

Ағзалары:

Факультет Мектепке шекемги және Бастауыш тәлім
Талаба_____ Худаярова Қундыз
кафедра_____Бастауыш тәлім методикасы
Ғылыми басшысы_____П.Абдимуратов
Оқу жылы 2014-2015
Бакалавр бітіру мамандық жұмысы тақырыбы: **«Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары»**

Автор аннотациясы:

- **тақырыптың актуалдығы.** Бастауыш білімдендіру бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары жүйесінде кемел ұрпақты кемел таптыру мәмлекеттік саясаттың басты бағдарларының бірі екендігі.

-**жұмыстың мақсаты және міндеттері.** Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары жүйесінде оқу орындарында тарбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру және басқару.

-**жұмыстың объекті және предметі** Өзбекстан Республикасы Білімдендіру концепциясы, Халық білімдендіруі бойынша мәмлекеттік, тәлім-тәрбиелік құралдар, көрсетпелер және технологиялар.

-**жұмыстың зерттеу методтары.**Мемлекетіміздің дүние жүздік көлемде “Өзбек моделі” негізінде білімдендіру саясатын тұрмысқа енгізу.

-**жұмыстың нәтижесі және ғылыми жаңалықтың енгізілуі.** Оқу орындарында ғылыми-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру және оларды амалға асыру, жастардың туған жерге, елге, тіліне, үрп-әдет, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін күшейту.

-**ғылыми нәтижеліктің практикаға енгізілуі.** Өзбекстан Республикасы Білімдендіру туралы Заң және Қадрлар даярлау Ұлттық бағдарламасын пайдалану.

-**қорытынды және ұсыныстар бойынша қысқаша түсінік.** Тақырып бүгінгі күн үшін актуаль, саяси қоғамдық және тәлім-тәрбиелік жақтан үлкен маңызға ие.

Ғылыми басшысы:

П.Абдимуратов

Студент:

Қ.Худаярова

Тақырып: «Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары»

Жоспары:

КІРІСПЕ

1-БАП. Қоғамдық дамудың кескін күшейген кезінде жас ұрпақтарда тәрбиелік білімдерді күшейту, ұлттық мұраларымызға құрмет, ұжым түсініктерін сіндіру жолдары.

I. I. Оқушыларда ұжымдық сезім мен мейірімділік, өзара қарым-қатынас қабілетін жетілістіру.

I. II. Ұжымда балалар өмірінің эмоциялық және рухани үйлесімін тәрбиелеу.

II-БАП. Ұжым өмірінің эмоциялық байлығы-ұжымның жеке адамға тәрбиелік ықпалының қалыптасу шарттары

II. I. Мектеп оқушыларының болашаққа, өмірге өз сенімін, көзқарасын дамыту .

II.II. Ұжымда мінез түсініктерді баулу, өзіндік баға беру мен интеллектуалдық сезімдердің қалыптасуы.

Қорытынды.

Әдебиеттер.

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік қоғамымызды бұданда күшті, берік құратын және онда жасайтын кемел ұрпақ ол: рухи жақтан бай, білімді, физикалық жақтан күшті, қоғам бақыты жолында адал еңбек ететін, әдеп-инабатты, жоқары эстетик сезімге ие болуы керек.

Өзбекстан Республикасының «Білімдендіру туралы» Заңы және «Кадрлар даярлау Ұлттық бағдарламасы»-1. концепциясында жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қаратылған мемлекеттік, мектеп, жанұя және ата-аналардың күн сайын алып барып жатқан тәрбиелік жұмыстары нәтижесінде жаңа ұрпақтар жан-жақтама тәрбиеленуде. Мемлекетіміздің жалпы орта білім беру мектептері, кәсіптік білімдендіру орындары мен жоқары мектептерінде тәлім-тәрбие беруші педогогтар адамзат топтаған қоғамдық тәжірибені жастарға үйретіп оларды өмірге дайындап болашақ қоғам үшін лайықты үлес қосуда.

Қоғамдық маңызға ие құрметті міндеттерді үлгілі орындауда, жаңа заманға сай педагог кадрлар даярлау күн тәртібіндегі бас мәселе және бұған жеделді, батыл адым тасталуда.

Орта Азия халықтарының тәрбие теориясы және практикасы ұлы данышпандардың еңбектерінеде өз көрінісін тапқан. Олардың рухи мұралары ұлттық педагогикамыздың негізгі мазмұнын құрап, бүгінгі тәуелсіздігіміздің нәтижелілігін асыруда, қоғамымыздың саяси,мәдени дамуында тоқтаусыз қызмет ете береді.

Қайсы кезеңде болсада зиялы-данышпандардың үміт-арманы жас ұрпақты

1. Каримов И.А. «Білімдендіру туралы» Заңы және «Кадрлар даярлау Ұлттық бағдарламасы». Т.1997 ж.

саламат, күшті, әдеп-инабатты, рухи жақтан жетік шахс етіп кемелге келтіру болған. Осы негізде үлкен ұрпақтардың педагогикалық мұралары бүгінгі күнде де терең үйреніліп отбасында, мектепте жас өспірімдердің ұлттық тұрмыс тәрізіміз, үрп-әдет, дәстүрлеріміз негізінде тәлім-тәрбие алуына әрекет етіледі.

Халық педагогикасы тәрбиелік тәжірибелері, ұлттық үрп-әдет, дәстүрлер, үлкен ұрпақтар әрбір жасты кемел таптырудың мектебі болып есептеледі. Сондықтанда үлкен ұрпақтар тәжірибесі, үгіт-нәсият негізінде «Ұстаз атаңнан ұлы», «аталар сөзі-ақылдың көзі», деген өнегелі сөздер тәлім-тәрбиеде кең қолданылады.

Мұғалім қоғамның ең алдыңғы қатар, мәдениетті, сауатты өкілі ретінде қаралуы, келешек ұрпақтың мектепте білім алып, кәсіпке бағдарланып кемелге келуі өзінің педагогикалық-психологиялық тәсір ету механизмдері қоғамның әрекеттегі күші есептеледі. Ата-бабаларымыз не ексең соны орасың деп келешегіміздің қандай болуы бүгін қандай тәлім-тәрбие беруімізге, олардың жүрегінде қандай сезімдерді пайда етуімізде, қандай жақсы нәрселерді толтыруымызға байланысты.

Мектепте оқушылардың бір-біріне мейірімділігі, татулығы, силасықты қарым-қатынасы барлық уақыт жақсы нәрселерге ұмтылу мұғалім, әсіресе сынып басшысының тәрбиелік тәсіріне байланысты болады. Ғылым зерттеу жұмысы бойынша және педагогикалық-психологиялық практика істері мен көптеген тәлім-тәрбие орындарын бақылағанымызда, жас ұрпақтарға ата-бабаларымыздың даналық ой-пікірлері негізінде тәрбие беру жас ұрпақтың физикалық, рухи, психологиялық жақтан күшті дамуына тәсір етеді. Әр бір жас ұрпақ санасына, болашақ өмірі жалғастырушыларына шығыс ойшылдарының педагогикалық пікірлері негізінде күш-қуатын жетілістіріп барса, оларда бүгінгі күн талабына қызығушылығы артып, өз мүмкіншіліктерін қазіргі заман техника мен технологиялық дамуына арнай алады.

Қоғамдық дамудың кескін күшейген кезінде жас ұрпақтарда тәрбиелік

білімдер қанша жетіліскен сайын олардың ұлттық мұраларымызға бір-біреуге құрмет, ұжым түсініктері, қарым-қатынасы соншалық күшейіп барады. Демек, жас ұрпаққа ұлы данышпандардың үгіт-насихаттары негізінде жан- жақтама тәлім және тәрбие беру бүгінгі күнде білімдендіру орындары және ол жердегі маман кәсіп иелерінің қызметі мен амалға асырылуы қажеттікке айналып баруда. Мектеп оқушыларының рухи,әдеп-инабаттылық тәрбиесінің тарихи өткенің зерттеу бүгінгі мемлекетіміздің сапа және нәтижелілік басқышының маңызды мәселесі болып есептеледі. Киелі «Авесто»кітабында, тәрбие өмірдің таянышы,сондықтан әр бір жас ұрпақты жастайынан оқу,еңбек ету,үй жұмыстары,шаруашылық пен шұғылдану сияқты ата-бабалардан келе жатқан тұрмыстық дәстүрлер негізінде кемел таптыру және соған бағдарлау қажет деп көрсетілген.

Адам денесіне саламаттық қаншалық қажет болса,жүрегіне әдеп-инабаттылық, ұжым яғни ұжымдық, қарым-қатынас, бір біреуге болған жақындық соншалық қажет. Қазіргі күнде дүние ілім пәнінің ең жоқары,алдыңғы идеяларынан нәтижелі пайдалану мен бірге неше ғасырлық тарихи мұраларымыздан пайдалану дүниелік тәрбие мен діни тәрбиенің белгілі деңгейде тәсірінің өз-ара байланыстылығын қамтамасыз етеді.

Жастарды ұжымдық рухта тәрбиелеуде қоғамдық және мәдени дәстүрлер оқушылардың мінез-құлық,жеке ой-пікір,білім иелеу,қарым-қатынас қасиеттерін қалыптастырады. Әр қилы мейрамдар, спорт жарыстары, ғылыми-техникалық көргізбелер үлкен тәрбие құралдары есептеледі.

Мектептің тәлім-тәрбие жұмыстарында, қарым-қатынастар әдетте оқытушының ролі, оқушылардың өз-ара қатынасы жәнеде олардың ата-аналарына болғанқарым-қатынастары, жақын адамдар, туған-туысқандар мен қарым-қатынас дәстүрлері балаларда әдеп-инабаттылық түсініктер және білімдердің, мәдени мінез-құлық көндікпелерін өздестіріп алуына тәсір жасайды. Мектепте балаларды әдеп-инабаттылыққа тәрбиелеу әр кезеңде барлық уақыт қоғамдық, ұжымдық назарда болып келген. Мысалы ,ислам тәлім-тәрбие ошақтары саналған мешіт, медреселерде ұлттық үрп-әдет, тәрбиелік дәстүрлер кең қолданылған. Әр бір жастың білімі, тәлімі ұлттық қарым-қатынас, бір-біріне болған тәрбиелік тәсірі ұлттық тұрмыс тәрізіміз, шығыс педагогикасы дәстүрлері кең қолданылған.

Ежелден түркі халықтар топарына кіретін Орта Азия халықлары тәрбие құралдары ретінде өз перзенттерін төмендегі деректерге негізделіп, яғни, діни

тәлім-тәрбие, еңбек, өнер мен шұғылдандыру, саламат отбасы орталығын жарату, әдет-ғұрып, дәстүрлерге амал қылу, туған-туысқандар характері, саяси, мәдени білімділігі, отбасының табысы, өз-ара қарым-қатынас, жасау жағдайлары, ұжым, бір балаға жеті көрші тәрбиеші деген фольклор материалдарының тәсіршең күші, отбасы, мектеп, махалла ағзаларының бір-біріне тәрбиелік тәсірі үлкен рол ойнайды.

Балаларды ұжымға бейім етіп тәрбиелеу үлкен-кіші ортасындағы қарым-қатынас, сыйласық балаларда ішкі ой-сезімдерді, әдеп-инабаттылық қасиеттерді тәрбиелеп барады. Қазіргі кезеңде ұжымдық түсінігі тәрбиенің басты көрінісі қарым-қатынас этикасын дұрыс қалыптастыру, осы негізде балаларда дүние қарас, саяси, әдеп-инабаттылық және қоғамдық тәсірлердің күшеюі мен тәлім-тәрбие жұмыстарының бір жүйесі және ізшілдігі қамтамасыз етіледі.

Мектепте оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, мейірім-махаббат, өз-ара құрмет, бір-біріне қамқорлық сияқты қасиеттер жас ұрпақты мақсатқа сай тәрбиелеуде нәтижелі ұсылдардан есептеледі-1. Мектептегі қарым-қатынас, әр қандай жүз беретін жағдайларды перзенттер тез қағып, аңдап алады. Сондықтан үлгі ретінде ата-ана бұндай қасиеттерге ие болулары керек: еңбек сүйгіш, тәртіпті, мейірімді, сабырлы, сауатты, ұжымшыл, міне осындай қасиеттерге ие болған әр қандай оқытушы, ата-ана абройлы, тәрбиелік тәсірі күшті болып, жас ұрпақты күнделік тұрмыстағы адамгершілік қарым-қатынастар, еңбектегі жетіскендіктер, моралдық белгілері бас өлшем етіп алып, ұлы данышпандар ісіне, ата-бабалар ісіне садақтық рухында тәрбиеленуіне еріседі.

1. Сухомлинский В.А. Тәрбие хақында. Т.1987.

1-БАП. Қоғамдық дамудың кескін күшейген кезінде жас ұрпақтарда тәрбиелік білімдерді күшейту, ұлттық мұраларымызға құрмет, ұжым түсініктерін сіндіру жолдары.

1.1. Оқушыларда ұжымдық сезім мен мейірімділік, өзара қарым-қатынас қабілетін жетілістіру.

Адамның бойында а д а м д ы қ қасиеттері тек мына себептен ғана қалыптасады, өз өмірінде тұңғыш рет тыныс алған кезден бастап ол-қоғамдық зат. Адамның қоғамдық мәні оның басқа адамдармен қатынастарында көрінеді. Дүниені және өзін әлемнің шағын бөлігі ретінде тани келе, адамдармен әр түрлі қатынастарда , оның материалдық және рухани тұтыну қажеттерін өтейтін қатынастарда бола келе, бала қоғамға кіреді, оның мүшесі болады. Жеке адамның қоғамға осылайша араласу процесін, демек, жеке адамның қалыптасу процесін ғалымдар жәмийетлесіуі деп атайды. Өкінішке қарай, жеке адамның қоғамға араласу процесінің педагогикалық аспектісі тиісінше жете егжей-тегжейлі зерттелмей келуі былай тұрсын, тіпті қаралмай да келеді.

Ал былай алғанда нақ жеке адамның қоғамға араласу процесі ұжымның тәрбиелеуші күшін қалыптастыруда аса маңызды алғы шарттардың бірі болып табылады, ұжымның осынау тәрбие күші туралы педагогикалық әдебиетте көбінесе ол бейне бір дайын күйінде берілетіндей түсінікті оқуға тура келеді. Ұжымның әлде-қандай фантастикалық күшіне осылай аңғалдықпен сенушілік мұғалімдерді көбінесе торығуға әкеліп соқтырады. Бір жағынан, ұжымның жеке адамға ықпал ету қабілетінің қалыптасуы, екінші жағынан, жеке адамның басқа адамдардың ықпалына берілу қабілетінің қалыптасуы әрбір индивидумның қоғамға қалай кіруіне байланысты болады. Тәжірибе адамның қоғамға теріс,

жарымжан кейіпте (өкінішке қарай, кейде осылай да болады) кіруі мынаған әкеліп соқтыратынын дәлелдейді: ол басқа адамдардың тәрбие ықпалына онай бейімделе қоймайтын болады, ал кейде басқа балалар үшін қалыпты, тиімді ықпал ету тәсілдеріне бейімделу қабілетін мүлдем жоғалтады.

Кішкентай нәрестенің өмірінде оның өзі үшін төтенше жаңалық ашатын мынадай кезең де болады: сірә, өзіннің айқайлаған даусыңмен, жылауыңмен, аяқ-колыңды тырбандатуыңмен тілегің мен тұтыну қажетінді өтейтін адамдарға-анаңа, күтушіңе, әкеңе, әжеңе ықпал етуге болады екен. Анаң мен әкеңді ең шұғыл жұмысын қоя тұрғызып, өзіне жүгіріп келтіруге болады екен. Өзінің әрбір тілегі бірден-ақ қанағаттандырылатынына, өзінің тілегін қанағаттандыратын адамның қимылын тездету үшін күшті белгі және реттеуші-айқай екендігіне таңырқап көзі жеткен бала тұңғыш өзімшілдік тілегінің қанағаттанғанын сезе бастайды: не тілесем, соның бәрі істелетін болады деп біледі. Нақ осыдан кейін-ақ қалыпсыз, орынсыз социализация басталады: Адам өзін тиісті жағынан емес, теріс жағынан танып біле бастайды. Ұжымның болашақ мүшесінің моральдық саулығы, оның тәрбиелі адам болу қабілеті едеуір дәрежеде нәрестенің жылап-сықтауына ананың қалай қарайтындығына, баланың алғашқы тілектерінің қалай қанағаттандырылуына және осы тілектердің негізінде тұтыну қажеттерінің қалай туатындығына байланысты болады. Міне сондықтанда, тәрбие ісі баланың тұңғыш тыныс алуынан басталатындығын А.С Мақаренко-1 сан рет атап айтты, ал егер ана ұлын тәрбиелеу ісін алтыншы айға жеткенде ғана ойлай бастаса, онда ана жарты жыл кеш қалғаны.

Бала тәрбиелеудің қалыпты процесі үшін оның тілегіне қалай қараудың зор маңызы бар. Баланың- болашақ ұжымшыл- азаматтың басқа адамдарға қарым-қатынасы осыған байланысты болады. Бұлар-әуелі анасына, әкесіне, ал одан кейін «бөгде адамдарға», «алыс адамдарға»- отандастарына, еңбектес және

1. Макаренко А.С. Тандамалы шығармалары. Алма-Ата.1997 ж.

қарулас жолдастарына, көздеген мақсатқа, мұратқа жету жолындағы күрестегі бір пікірлес, одақтас адамдарға деген қарым-қатынастар. Теріс, жөнсіз тәрбие

қауіпті жағдайға әкеліп соқтырады, мұны тілектің бұрмалануы деп атаса болады. Мұның қауіптілігі мынада: бала өзінің саналы өмірінің алғашқы қадамынан бастап тілек пен тұтынудың айырмашылығын білмейді. Өзінің кез келген тілегін қанағаттандыру дағдысы басқа адамдардың интеллектуалдық эмоциялық дүниесіне деген сезімталдықты әлсіретеді. Егер осы дағды тамыр жайса, егер бала осы дағдысымен мектепке келсе, онда ол басқа адамдарға өзінің қалған тілектерін қанағаттандыратын негіз ретінде ғана қарайды. Ойлаған тілегіне қайшы келген нәрсенің бәрін ол жақтырмайды, ұнатпайды. Мұндай баланың өзін айналадағы дүниенің бір кішкентай бөлігі ретінде танып білуі барлық нәрсені бір ғана өлшеммен: өзінің тілегімен өлшеуден басталады. Ал қоғам өміріне дұрыс араласу, дұрыс социализация мына жағдайда ғана: Адам өзінің «мен» дегенін басқа адамдардың мүдделерімен үйлестіруге саналы түрде ұмтылған кезде, өзінің талап-тілектерімен қоғам игілігі мүддесі үшін қимыл жасауды біліп қана қоймай, соған тырысқан кезде ғана мүмкін болады. Бейнелеп айтқанда, социализация баланың мынаны сезгенінен басталады: «Менің айқайым, менің жылауым анамды тілегімді тезірек қанағаттандыруға мәжбүр етеді. Бірақ осымен бірге ол анамның жүрегін ауыртады, абыржытады». Балаға жақсы нәрсе анаға зиян болып тиеді. Жақсылықтың жақсылығы сонда ғана, одан адам жыламағанда ғана жақсылық болатынын кішкентай балаға сездіру керек-ұжым тәрбиесінің логикасы мен диалектикасы осында. Тәрбиешінің нағыз шеберлігі мынада: бала басқа адамның көз жасын көріп, оны шын жүрегімен қабылдап, тұңғыш рет қайғы, абыржу, әбігерлену сезімін басынан кешіргенде ғана көрінеді. Егер, сіздің балаңыз, басқа адамның

қайғысын ақыл-оймен, жүрегімен ұғынып, тұңғыш рет нағыз қайғыны бастан кешіріп жыласа, сіз осыны көрсеңіз-онда сіз ол баланы социализация соқпағына дұрыс алып келдім деп біліңіз.

Біз кішкентай баланың социализациясы туралы соншама неге тәптіштеп айтып отырмыз? Өйткені бұл ұжымның ойдағыдай тәрбие беруінің төтенше маңызды алғы шарты. Бірінші сынып оқушылары тобында бес-алты өзімшіл бала болса, онда мұғалім өз жұмысының алғашқы қадамынан бастап-ақ игере алмайтындай қиындықтарға кездесуі мүмкін. Тіпті оның ұжым құра алмауы да мүмкін, өйткені әрбір өзімшіл-бұл ұжымшылдық өзара қарым-қатынастардың ірге тасына түскен жарықшақ; егер жарықшақ көп болса-тәрбиеші ұжым үйін қаншама тұрғызғанымен, ол құлай береді. Топтағы балалар неғұрлым жас болса, ұжымның жеке адамдарға тәрбиелік ықпалы соғұрлым нәзік, мейірімдірек болуы керек. Бірінші сыныпта ұжымды және мұғалімнің жеке басын баланың қалай түсінуінің ерекше зор маңызы бар. Асырып айтқандық емес, кейде бірінші оқушысына, оның сезімтал жүрегі адамға сеніммен ашылып тұрған сәтте, мұғалімнің айтқан бір ауыз сөзі, баланың бүкіл өмір бойғы тағдырын шешеді.

Ал дұрыс тәлім-тәрбие сол бір өте нәзік, әрі өте сезімтал тетігі қандай? Ұжымда жарықшақ болмауы үшін ұжымның ірге тасын қалай қалау керек? Ал егер қазірдің өзінде жарықшақ болса-оны қалай бітеу керек? Асылы, ұжымның тірегі не? Тәрбиеші ұзақ уақыт бойы олардың санасына сенімді, табанды көзқарасты, идеяны қондыру әлі де қиын; олардың рухани өмірі әлі де болса ең алдымен түсініктерге, бейнелерге, сезімдерге, сүйініш-күйініштерге негізделетін балалармен жұмыс істейді ғой.

Дұрыс тәлім-тәрбие эмоциялық өмірдің байлығына, идеалық толық құндылығына негізделетіндігін тәжірибе көрсетіп отыр. Баланы ең алдымен түсінуге, бірге күйінуге үйрету керек. Сезім, сүйініш-күйініш-бұл бейне баланың тәніндегі титтей бір магнит тәрізді, ол магнит оны басқа адамдарға

жақындатады, Баланы сөзді, ақыл-кеңесті, идеяны, қабылдағыш, сезімтал етеді. Жетілген сезім, эмоциялық жоғарғы мәдениет-бұлар, бейнелеп айтқанда, моральдық жағынан тәрбиеліктің абсолюттік музыкалық дыбысы. Эмоциялық тәрбие алмаған, нәзік ықпалдарға саңырау бала-ол потенциалды өзімшіл.

Біздің тәрбие жұмысымыздың жүйесінде өте маңызды форма әдептілік әңгіме формасы бар. Психологиялық-әдептілік мазмұны айқын сипатталған мыңнан астам шағын әңгімелер мен ертегілер «Психологиялық әдептілік»-осындай әңгімелердің материалы болып табылады. Бұл оқулық кіріспе тарауы әңгімелерден тұрады, ол әңгімелердің мақсаты-тәлім-тәрбие деңгейін, ұжым өміріне қатысуға даярлық деңгейін, балалардың эмоциялық тәрбиелілік деңгейін оқып үйрену. Кіріспе тараудағы әңгімелер негізінен мектепке дейінгі балалар мен бірінші сыныптағы балаларға өткізіледі. «Психологиялық әдептілік» кіріспе тарауына енгізілген әңгімелер мен ертегілердің өзіне тән ерекшеліктері тұспалдай айтылған, жасырын ой-пікірлер болып табылады, оны белгілі бір эмоциялық тәрбиелілік дәрежесіне жеткен бала ғана түсіне алады. Эмоциялық дамып-жетілуі әлі төмен дәрежедегі балаға бұл ой-пікір ұғынықсыз болады. Бірақ, мұндай балалар үшін де өте-мөте қажет этикалық әңгімелер бар: ол кеңестер эмоциялық сергектікті оятып, тәрбиелейді, дүниені ақыл-оймен ғана танып қоймай, жүрекпен де тануға үйретеді. «Психологиялық әдептілік» кіріспе тарауындағы әдеп-ікрам, этика, эстетикалық әңгімелер-оқушылардың ұжымшылдық сезімдерін оятудағы тұңғыш сабақтар.

Мектепке таяу кішкентай бір үйшікте Ұлы Отан соғысы қатынасушысы үлкен жастағы ағай тұратын еді. Оған мектеп оқушылары сынып басшысы мен бірге келіп қол-көмегін тигізіп тұрды. Оқушылар ағайға отын жару, су әкелу, малдарына қарау және басқада қолдарынан келетін барлық қызметін істеп жүрді.

Мектеп бағында өсіп тұрған әр түрлі ағаш жемістерінен ағайға апарып беріп:

- Ата, жеңіз,-деп балалар салдырлап айтты да лезде үйден шығып кетті.

Ағай балалардың алып келген мазалы, піскен жемістерін жеп рахаттанды, оның көзінен ағыл-тегіл жас ақты. Оның колы қалтырап жемістерден жеп ауыс қанын басқа ыдысқа салып стол үстіне қойды. Ал, оқушылардың болса ұзақ-ұзақтан сыңғырлаған көңілді дауыстары есітіліп тұрды. Міне, осындай ұжымдық сезім, олардағы өте нәзік көзқарастар, оқушыларда ұжымдық сезім мен мейірімділік, өзара қарым-қатынас қабілетін жетілістіруде үлкен рол ойнайды.

Осыны айтып, балаларды мұқият байқап тұрмын, олардың көзқарасынан өте нәзік бір ой сарынын андаймын. Ағайдың оқушылар алып келген мазалы алма, алмұрт, қарелі сияқты жемістерді жеп мейірім-ықласын арттырғаны балаларда жанашырлық сезімді келтірді және осындай ұжымдық сезім мен мейірімділік өзара қарым-қатынас қабілетін жетілістіру үлкен тәрбиелік мәні екендігі байқалады-1.

Бұлар қоғам өміріне қатысуға әзір, эмоциялық дамып, жетілген балалар. Бұл балалардың сезімі арқылы ұжымның мықты ірге тасын қалауға болады. Бірақ мектепке әлі бармаған біраз балалардың тұспалдап айтқан ойды түсінбестен, сезбестен, күлетінін көрсем, жүрегім ауырып қысылады. «Ағайдың өз уақытында істеген еңбектері мен қаһармандық істері» оларға күлкі. Бұл күлкіден үлкен кеселдің кішкентай салқыны көрінеді. Мұндай балалармен көп, өте көп жұмыс істеу керек, олардың жан дүниесінде жоғары моральдық сезімді ояту керек.

Бірінші сынып Мұғалімдеріне: өз балаларыңыздың эмоциялық тәрбиелілігін зерттеңіздер!-деп кеңес бергім келеді. Жекелеген оқушылардың эмоциялық кемтарлығы, тәрбиесіздігі, сонысымен олардың мектепке келуі,-бұл көздің шала байлануы. Баланың көзінен бұл таңуды алып тастап, кішкентай адамға Адам сезімдерінің сан қырлы дүниесін ашу керек, бұл сіздің, тек сіздің ғана колыңыздан келеді, бұл басқа ешкімнің де колынан келмейді. Басқа адамға

Сухомлинский В.А. Тәрбия хақында.Ташкент.1987.

самарқау адам, өз-өзіне де самарқау болады, өзін-өзі тәрбиелеудегі ең басты нәрсе-кылығына эмоциялық өзіндік баға беруге оның өресі жетпейді. Ал мұнсыз ұжымның жеке адамға ықпалы туралы әңгіме болуы да мүмкін емес.

Эмоциялық өзіндік баға берушілік болмаған жерде ықпал етудің шұғыл, «төтенше», жазалау әдістерінің қажеттілігі туады, ал мұнда моральдық тәртіп қорқып үркүшілікке негізделеді, онда ұжым да, нағыз ерік күші де, өзіндік тәртіпте болмайды. Қорқыныш-бұл жіп, онымен ерікті ғана тізгіндеп байлап қоймайды, сонымен бірге баланың ойлау қабілетін де тізгіндеп тастайды.

Эмоциялық түйсіну-бұл жалпы барлық тәрбиенің әліппесі, оны балалық шағында игерген адам ғана адамның ішкі дүниесін тез және түсініп оқи алады. Баланың өзінің айқайлаған даусына жауап ретінде анасының оны емізетінін немесе өлең айтып тербететінін, немесе оның бесігінің қасында өзі жылап тұратынын баланың сезген кезеңінен басталған социализация процесі адамның акырғы демі біткенге дейін сөзылады-осы процесті тәрбиеші ғылыми тұрғыда ойлап, дәлелдеуге тиісті. Бұл арада одан бетер қорқатын нәрсе формализм, есеп беруге бола «шараны» жалаң «орындау...»

Өкінішке орай, мектеп өмірінде әлі де кездесіп қалатын ең үлкен қауіптің бірі-ұжымның эмоциялық надандығы. Осындай бір оқиғаны айтып берейін.

Екінші сыныпта оқитын Шахло бүгін үлкен қуанышты. Оның әкесі автоавариядан бір жылдан астам уақыт ауруханада емделіп жатты. Ауруханада жатып, үш рет ота жасатты. Анасы мен Шахлоға өте ауыр тиді. Шахло әр дайым түнде оянып кетсе мамасының акырын жылағанын еститін...

Ал бүгін әкесі жұмыста. Қыз мектепке келгенде, аулада өзінің екі сыныптасы Асан мен Хасанды кездестірді. Кездескен бойда өзінің қуанышын актарып салды:

- Біздің әкеміз жазылды.

Асан мен Хасан, таңырқап иықтарын көтерді, сөйтіп, ештеңе айтпастан, жүгіріп доп қуып кетті.

Шахло сыныпта ойнап жүрген қыздарға барды.

- Біздің әкеміз жазылды,-деді ол, сонда оның көзінде қуаныш ұшқыны ойнап тұрды.

Қыздардың бірі, Нилуфар, таңырқап:

- Жазылды, ал онда тұрған не бар?-деп сұрады.

Шахло кеудесінен ауыр бір нәрсе домалап барып оңешіне тығылғандай сезінді, тынысы тарылғандай болды. Мектеп ауласының бір түпкіріндегі теректің қасына келіп, жылап тұрды.

- Шахло, сен неге жылап тұрсын?-деген өзінің сыныптасы, тұйық бала Исламның жұмсақ, мейрімді даусын естіді ол.

Шахло басын көтеріп, еңіреп жылап тұрып.

- Біздің әкеміз жазылды...-деп жауап берді.

- Ой қандай жақсы болған!-деп Ислам қуанып қалды.

- Тоғай ішінде біздің үйдің қасында байшешек гүлдеді. Сабақтан кейін біздің үйге барайық, байшешек теріп, сенің әкеңе алып барайық.

Шахлоның көзінде қуаныш ұшқыны ойнады.

Бұл бірінші сыныпқа эмоциялық тәрбие көрмеген көптеген бала келген еді, мұғалім де бұл кемшілікті жою үшін жұмыс істеген жоқ. Шын мәнінде, мұнда ұжым болған жоқ, сондықтан мұғалім істі қарапайым, сонымен бірге ең қиын нәрседен-басқа адамның ішкі күйін сезу қабілетін қалыптастырудан, барлық түрліше жағдайларда өзін басқа адамның орнына қоя білу қабілетін қалыптастырудан бастауы керек еді-**1**.

Ұжымның жеке адамға тәрбиелік ықпалын қалыптастыру үшін, тәрбиешілер, біздердің баланың бойына дарытуымыз керекті адамның өз іс-қимылдарына беретін эмоциялық бағаларының үйлесімі неде? Балаға өзінің мінез-кұлқындағы жақсылық ұнауға тиісті. Сонымен бірге оның бойына

1.Жарықбаев А. Педагогика. А-А.1998.

жамандықтан жирену, төзбеу қасиеті де даруы тиіс. Жақсылық пен жамандық туралы ұғымды қоғамның, ұжымның көз қарастары негізінде қалыптастыру қажет. Басқаша айтқанда, өз іс-қылықтарына беретін эмоциялық бағалардың үйлесімі мынада: балаға өзіне ұнаған, әкесі, анасы, балалар бақшасының тәрбиешілері, мұғалім, жолдастары мақұлдаған нәрсенің бәрі тартымды. Адамның моральдық бейнесі байланысты болатын өзіңнің іс-қылықтарыңа беретін эмоциялық бағалардың үйлесімі сайып келгенде мынау арқылы, ересек адамдар мен кішкентай тәрбиеленушілер арасында болып отырған өз-ара қарым-қатынастар арқылы айқындалады. Ересек адамдардың кішкентай адамдарға жасаған қарым-қатынастарында қоғамның бағалап, қадір тұтып отырған нәрселерінің айқын бейнеленуі өте маңызды іс.

Ал қоғамымыздың ең асыл қазынасы-адам болғандықтан, жанұя мүшелері арасындағы, балалар бақшасының, сыныптың, мектептің түлектері арасындағы өз-ара қарым-қатынастарда өзінің туысқандарын, жақындарын, жолдастарын, ұжым мүшелерінің бәрін, отандастарын бақытты етуге ұмтылу ынтасы үстемдік алуы тиіс. Өзінің педагогикалық еңбектерінің бірінде А.С.Макаренко: кімде-кім мүмкін болғанынша адамның көпшілігін бақытты етуге ұмтылса, сол адам-нағыз бақытты адам деп жазды. Өз іс-қылықтарына басқа адамдардың берген эмоциялық бағасын тәрбиеленушінің түсіну қасиеті, демек, өзіне-өзі баға берушілігі де алғашқы алған балалық лаззаттары мен қуаныш-шаттықтарының негізі қайда бағытталғанына, бақыт туралы жеке түсінік пен ұғымның толық рухани өмір негізінде қалай қалыптасқандығына бүтіндей байланысты болады.

Ұжымның әрбір болашақ мүшесінің жүрегінде адамның ең маңызды игіліктерінің негізі-басқа адамдар үшін бақыт жасау шаттығы қаланады, міне ұжымның тәрбиелік ықпалының қалыптасуы осыдан басталады. Моральдық сұлулыққа ынталанудан туатын, адамға жақсылық жасауға ынталанудан туатын

істер неғұрлым көбірек болса,- бұл жеке адамның қоғам өміріне дұрыс араласуының ең маңызды шарттарының бірі болып табылады.

«Бірден бір нағыз сәндік- ол адамның қарым-қатынасының сәндігі». Адамның қандай болатыны, басқа адамдармен қарым-қатынаста оның қандай екендігіне, бұл қарым-қатынас оған қандай ойлар тудыратындығына және бұл оның еркін неге бағыттайтынына байланысты.

Сұлулық, эмоциялық тереңдік, рухани толысу мен рухани байлық, қарым-қатынастың идеалық толымдығы-осы игіліктер болмайынша, ұжым өмірінде өзіндік таным мен өзіндік тәрбие болуы мүмкін емес. Адамның қарым-қатынасы-бұл адамның адамды қажет етуінің төтенше кең, жан-жақты қанағаттандырылуы. Осы қарым-қатынасты жеке адамды рақатқа бөлейтіндей, оның моральдық сұлулығын ұштайтындай, жолдастармен араласудан адам қуаныш-шаттықты сезетіндей, адамдармен бірге болуды толассыз тілейтіндей ету- ұжымдық тәрбие міндеті.

Адамның қарым-қатынас бақыты, қуаныш-шаттығы, құштарлығы қандай қызмет етуді керек етеді? Балалардың дене күштері мен рухани күштерін қайда бағыттау керек? Балаларды қуаныш –шаттықпен, қиыншылықтармен, ой-пікірмен, сүйініш-күйінішпен ортақтасуға үйрету керек. Оларды жасампаздыққа, армандауға және арман-қиялды сақтай білуге үйрету керек. Егер балалар сұлулықты жасау үшін бірігетін болса, қарым-қатынас игілікке бөлейді. Бұл сан қырлы қызмет, ол дене жұмысында, қиыншылықтарды жеңудіде, өз-ара жәрдемді де, ортақ күйініш-сүйінішті де, сұлу да игілікті нәрсеге сүйсінуді де, қауіпке күйінушілікті де, бір тілім нанды жолдаспен бөлісе білуді де, өзінің жеке ары алдында адал болуды да, жамандық пен жалғандыққа қарсы күресті де, жолдасының лайықсыз ісіне жауапкершілікті өз мойнына ала білуді де қамтиды.

Міне ұжым тәрбиесіндегі ұлы құпиялардың бірі, ал сонымен бірге ең қарапайым ақиқаттардың бірі де осында: адамның қарым-қатынасына

балалардың құштарлану себебі, олар сұлулықтың белсенді жасампаздары болып табылады.

Сынып ұжымы өмірінің алғашқы жылы. қыс өтіп, көктем шықты. Біз балалармен бірге далаға, тоғайға бардық. Алысырақтағы бұталы сайдан жайлы орын таптық. Ол бізге ұнады. Біз, далаға, тоғайға жорық жасап келгеннен кейін жазда демалу үшін өзімізге осы арадан бір құпия бұрыш жасап алсақ қайтеді деп ақылдастық... Қиял еліктірді, біз сабақтан кейін бұл араға тағы да әлденеше рет келдік. Жабайы жүзім көшеттерінен әкеліп оны бұталардың төңірегіне отырғыздық одан кейін біреуіміздің ойымызға осы жерге жидек бұтасын да отырғызу керек деген пікір келді. Бұл жерде әлі айрықша ештеңе де жоқ, бірақ бұл ара бізді тіпті тартып-ақ тұрады, бұталардың түбінде отырып, кітап оқығың, қиялға шомғың келеді, әңгіме айтып, ертеқ шығарғың келеді. Ал жабайы жүзім жаппай жасыл іргеге айналып, біздің құпия орнымыз бұрынғыдан бетер жайлы әдемі орынға айналған кезде, біз оны Ертегі бұрышы, немесе әдемілік бұрышы деп атадық. Бұл ара бізді тартып тұрады, біз мұнда үлкен рақатқа бөленеміз, өйткені бұл әдемілікті біз өз қолымызбен жасадық. Және бұл араға біз неғұрлым көбірек еңбек сіңіріп, қамқорлық жасасак, соғұрлым бұл әдемілік бізге қымбат көрінеді, оның бер жағында біз осы жерге бәріміз жиналамыз, бір-бірімізге иің тіресіп, сүйене отырып, үн-түңсіз ертегі мен болған әңгімені тындаймыз.

Біздің ертегі бұрышымыз жыл сайын әдеміленіп, жанға жақын бола бастады. Мұнда енді жидек гүлдеп, қызарып тұр, таяу бұталардың басында-біз жасаған ұялар, ол ұяларда біздің құстарымыз бар. Бұл бұрыш біздің рухани өмірімізбен біте қайнасты, өйткені бұл үшін біз қаншама ойланып, қаншама толғандық десеңізші! Егер ертегі тындап немесе кітап оқып қайтайық деп жиын белгіленсе, біздің арамыздан әлдекімнің бұған бармай, жарылып қалып коюы дегенді ойға алудың өзі қиын. Бір жолы Оля деген ақшыл бұрымды кішкентай қыз (бұл енді төртінші сыныпта болған) келмей қалды, сөйтіп біз ертегі де тындай алмадық, кітап та оқи алмадық, өйткені біздің Олямызға бірдеңе

болғанын сездік. Селоға барып, білсек: қыздың шешесі ауырып қалыпты.

Адаммен араласуға құштарлықтың үлкен тәрбиелік мәні мынада деп қараймыз: жас өспірім шақтың өзінде әсіресе, бозбалалық шақта адам ұжымға өзінің ой үлесін косады, өзі де ұжымнан ой-пікір алады. Адамның нағыз ізгілігін қалыптастыру үшін тәрбиешінің ұжымдық ой-пікір деп аталған оркестірдің сергек дирижёрі болғаны сондай маңызды! Жас өспірім және бозбалалық шақта адамның араласуы әрбір жеке адамның ой-пікірі мен сенім көзқарасының бесігі болғаны қандай қажет! Осының бәрі тәрбиешіге байланысты; атап айтқанда, ол айналадағы дүниеден бала мен жас өспірімнің санасына қандай ой күйғанына, қажетті деген қандай кітапты оқуына ұйтқы болғанына байланысты.

Ақыл-ойдың, еріктің, моральдық сенімнің, идеалық тұтастық пен ер жүректіліктің, рухани байлық пен эстетикалық көп қырлылықтың үйлесімді тәрбиеленуі-1. бұлар занды түрде мынаған бастайды: бозбалалық шақтан бастап-ақ адамға бір ойлар пайда болады, өзінің сол ойларына жауап алғысы келеді. Мен адамның бай, идеалық толық мәнді араласуы ұжым ішінде тек мынадай кезде, адам бозбалалық шағында: өмірдің мәнісі неде? Дүниеде мен не үшін сүріп отырмын? Жақсылық пен жамандықтың мәні неде?- деген сұрақтарды жете ойлаған кезде ғана мүмкін деп есептеймін. Әлі бұлдыр және санаға әбден жетпеген бұл ойлар адамды толғандырып, абыржытады; ал егер сіз нағыз тәрбиеші болсаңыз, сіз жас өспірімге, керек кезінде нендей ойлар толғандырып жүргенін дұрыс айтып бере аласыз. Егер жас өспірімдер осындай сауалдармен ұжымға келетін болса, мұның өзі тәрбиенің дұрыс жолға қойылғаны, ал ұжым тәрбиенің қуатты құралы болуға қабілетті деген сөз.

Сіздің түлектеріңіздің ұжымда осындай қымбат сауалдарын қойып, өздерінің жан дүниесін ақтаруы үшін, «ұйымдастырғыштыққа», «жоспарлылыққа»-былайша айтқанда формализмге, жасандылыққа адамның жан дүниесіне енуге тырысушылыққа, оның өзінің қадір тұтқан сырын жұрт көзінше ақтартуға жол беруге болмайды. Адамды толғандырған, бірақ оның өзі

1.Косназаров К.Педагогика.Нөкіс.2009 ж.

әлі ұшына жетпеген ойларын тәрбиеші ілтипатпен, андаусызда айтқызуға тиіс.адам ақиқатқа таңырқарлық сезімде болатындай сөз табу керек.

Адамды ұжымға келіп: «Маған айтып беріңіздерші, достар, біздің өміріміздің мәнісі неде, жарық дүниеде мен не үшін өмір сүріп келемін, менің келгенімнен дүниеде болған өзгеріс барма, менсіз де дүние осындай бола бере ме, немесе, мен өзімнің өміріммен, күйініш-сүйініштеріммен, қуаныш-шаттық, қорқыныш сезімдеріммен бұл дүниеге әлдене әкелдім бе?»-деген сауалдар айтуға бейімдеу-бұл педагогикалық даналықтың бүтіндей бір кітабы деген сөз. Бұл сауалдардың колектівте ой-пікір тудыратын іске айналуы үшін, осыған тәрбиеленушілерді даярлау деген жеке адам мен ұжымды рухани дамып-жетілудің ең жоғарғы сатысына көтеру деген сөз.

Мен үшін өмір туралы, болашақ туралы өз түлектерімнің ашық айтқан сөздерін тындаудан артық бақыт жоқ. Енді бір үш-төрт жылдан кейін жауынгер болатын, ана болатын жас адамдардың өз жүректерінің нағыз қазыналы түкпірін ашқан осы бір сәттері ұжымның рухани өмірінің шыңы болып табылады. Олар тәрбиешіге сенгендіктен ғана ашық айтпайды, олар өздерінің сенімдеріне берік болуға, күдік атаулыны сейілтуге құштар. Жекелеген тәрбиеленушілердің сөздерінен үрей, уайым-қайғы, тіпті торығушылық сезіледі. Бірақ бұл ұжымда сары уайымшыл сенімдегі адамдар бар екен деп қорытынды жасауға негіз болмайды. Болашаққа шаттанбай қараушылық-бұл: жардемдесіңіздерші, түсіндіріп беріңіздерші, дүниеде не болып жатыр, оны қалай түсінуге болады?-деп жәрдем сұрағандық.Жас адам өзінің күйінішті ойларын ашық айтқан кезде, нақ осы кезде тәрбиеші үшін ең қолайлы жағдай туады, жас жанға оптимизмді орнықтырып, адам баласының жарқын болашағына деген сенім күшін ұялатуға қолайлы жағдай туады. Жас жігіт өз өмірінен алшақтау көрінетін қандайда бір жалпы адам баласына тән проблемаларды айтпасын, ол осы сәтте өз тағдыры

жайында ойлайды және ең алдымен оны ұжымға тартатын нәрсе сол, ол өзінің болашағы туралы ақылдасып кеңесуге, ақиқат, шындықты естуге, өзін біреудің қолдауына құштар болады. Адамның нағыз ашық, шын жүректен араласқан осы бір сәті жалпы философиялық проблемалар жөнінде абстрактылы түрде кеменгерсу емес. Бұл әрбір тілектің ішкі жан дүниесі туралы ашық әңгіме. Мен мұндай әңгімелерді жүрек философиясы деп атаған болар едім. Өмірдің мәні туралы мәселелерге тереңдеп бойлау арқылы жеке көзқарастар, әуестенушіліктер, мүдделер арасындағы ең нәзік байланыстар жүректен жүрекке тартылады. Жекелеген тұлғалар үшін ұжым жаңа ой-пікірлердің қайнар көзі болады. Тіпті, мүмкін мен жарық дүниеде не үшін өмір сүремін-деген ой басына келмеген адамның өзі бұрынғыдан гөрі өзін басқаша танып, біле бастайды.

Ал ұжымның рухани өмірінің осындай бір сәтінде тәрбиеші өзін қалай ұстауы тиіс? Тәрбиеші осындай жауапты сәттерде өзімен-өзі болуы керек, өз тұлғаларының алдында ойшыл, жолдас және дос, көз қарасы бар, қуаныш-шаттығы, сүйініш-күйініші, күдігі бар нақты адам болып көрінуі маңызды нәрсе. Әрине, тәрбиеші, жақсылық пен жамандықтың жай әшейін куәгері ғана болып қоймауы керек. Бұл сәтте, олардың алдында өздерінің жетекшісінің эмоциялық сезімі жағынан бай адам болып көрінуі тұлғаларына ерекше күшті ықпал етеді. Алайда эмоциялық сезім байлығы моральдық беделдің арқасында ғана күшіне енеді: оның өзінде осы маңызды алғы шарт болған кезде ғана, тәрбиеші сезімдерінің әрбір сарынын, оның ақиқатқа жеке көз-қарасын тұлғаларының моральдық қазына ретінде аға ұрпақтардың игілігі ретінде қабылдаған кезінде ғана күшіне енуі тиіс. Өздерінің жеке бейімі мен ынтасына қарамастан, оқушылардың бәрі көркем әдебиет пен өнерге құштар келеді. Өзім тәрбиеші болған сынып оқушылары ұлттық және шетел әдеби шығармалары жайында пікірлесіп, пікір алысу үшін жиі-жиі бас қосып тұратын. Біз жеке-дара шығармаларды ғана талдап қоймайтынбыз, жастарды толғандырған

проблемаларды талдайтынбыз. Жас жігіттер мен қыздар оқыған шығармаларын сөз ететін, сонда олардың әңгімелерінен көпшілікті әсіресе қандай мәселелер көбірек толғандыратыны: бізді өмір сүруге үйрететін осы заманғы әдебиеттің кейіпкері қайда? Өмірде біз кіммен теңесуіміз керек? Кім біздің жүрегімізді көбірек толғандырады, көбірек тартады, біздің ең жақынымыз кім, ең кымбаттымыз кім?-деген сауалдардың толғандыратыны айқын болды. Осы сауалдар үш жыл бойы қызу айтыстың негізі болды. Жас жігіттер мен қыздар әр түрлі пікірлер айтты. Айтыс басқа сыныптарға да тарады. Балалар осы заманғы ондаған әдеби шығармаларды оқып шықты.

Бейнелеу өнеріне байланысты мәселелер жөніндегі біздің кездесулеріміз өте қызықты болды. Бұл кездесулерге бүкіл ұжым болып дайындалды: суреттердің көшірмелері көрмеге қойылды, өнер жайында кітаптар оқылды.

Рухани және дене күшін керек ететін қызметтер түріндегі адамның қарым-қатынасынан жас жігіттер мен қыздар көптеген рақат пен лаззат табады. Бұлар жорықтар, экскурсиялар, материалдық және рухани игіліктерді табу. Әсіресе аға ұрпақтардың жауынгерлік даңқы шыққан жерлерге жасалған жорықтардың үлкен тәрбиелік маңызы бар. Мұндай жорықтарда ұжым патриоттық асыл сезімдер арқылы бірігеді. Жорықтарда теңдесі жоқ нәрселерді-Отанымыздың бостандығы мен тауелсіздігі жолындағы күрескерлер ерлігінің жарқын үлгілерін бейнелейтін әңгімелерде, документтерде оқиғаға қатысушы тірі куәлердің естеліктерінде сақталған нәрселерді табуға болады. Мектепте сабақ аяқталғаннан кейін жыл сайын, жазғы демалыс кезінде, біздің ұжымымыз, бірінші-тоғызыншы сынып оқушылары, туған өлкеге Жорыққа аттанады. Бұл туған өлкені жай зерттеп білу ғана емес. Бұл ұжымның бірте-бірте идеялық жағынан толысуы. Адамдармен кездескенде адамның ерлік, қаһармандық, жанқиярлық дүниесі бізге ашыла түседі. Жорықтардан алған әсерлеріміз біздің сүйсіну, ерлікке таңырқау сезімімізді байытады. Бұл сезімдер адамның жан жүрегін ашып көрсетеді, идеялық толысу, есею деп аталатын нәрселерді бір-бір

тамшыдан жанға сіңіреді. Қаһармандық ерліктерге елігушілік адамды мынадай рухани жағдайға келтіреді: Адам өзінің мінез-құлқын кейіпкердің мінез-құлқындай етуге тырысады, туған Отанның даңқы мен қуатын нығайту жолындағы күрескердің моральдық нормаларына сәйкес өмір сүруге тырысады. Басқаша сөзбен айтқанда, баланың, жас өспірімнің батырлық және ұлы істерге, халықтың баға жетпес моральдық игіліктеріне тікелей қатысуы олардың санасында нағыз мейрімділік қасиетті орнықтырады. Ұжымның әуесқойлығы жас өспірімнің өзін көрсету талабын тудырады, ал бұл талап қоғамымыздың моральдық мұратымен астасады. Ізгілік сезімдерді ұжым болып сезіну жас адамның жанына өзінің мінез туралы, өзінің жұмысы туралы, қоғамдық мүдделерге өзінің көзқарасы туралы ұжым пікіріне үлкен сезімталдықпен керек қасиетін орнықтырады.

1.2. Ұжымда балалар өмірінің эмоциялық және рухани үйлесімін тәрбиелеу.

Ұжымның жеке адамға тәрбиелік ықпалының қалыптасуы ұжымның немен және қалай өмір сүріп отырғанына байланысты болады-1. Ұжым өмірінің эмоциялық байлығы-ұжымның жеке адамға жақсы ықпалының қажетті шарты.

Күйініш-сүйініш-идеялық сенімнің екінші жағы. Айналада болып жатқан жайттарға ұжымның эмоциялық көзқарасы, эмоциялық бағасы, эмоциялық қабылдауы тіпті мектепке келгенге дейін жеткілікті тәрбиеленбеген жеке адамның өзіне де жақсылықтың ұнап, жамандықтың жиренішті сезім туғызатындығыны ең қажетті алғышарты болып табылады. Ұжымның идеялық байлығы, ынта-талаптын, қарым-қатынастың, өз-ара бағалаушылық пен талап-тілектің молдығы-осының бәрі ұжымның эмоциялық сезімталдығын нәзік тамырлармен байыта түседі. Бұл сезімталдық неғұрлым терең, неғұрлым мықты жайылса, соғұрлым жекелеген шәкірттердің енжарлық, қатыгездік, «эмоциялық терісі қалыңдық» қылықтарының кәупі шамалы болады.

Өзінің танымымен эмоциялық сезім күйімен бірге өткізу арқылы балалар белсенді іс-әрекетке ұмтылуға тиіс, ұжымның іс-әрекетінде өзінің сезім күйін көрсетуге, дүниеге, адамдарға, өз-өзіне жеке көзқарасын танытуға тырысуы тиіс. Ұжымның идеялық бірлігінің қалыптасуының мәні осында. Мектеп ұжымын тәрбиелеу деген балалардың жүрегін тулап тұруға, ал қолдарының ұжымды қамтыған іске белсенділік сезіміне беріліп, тыным таппауына идеялық бағыт беру деген сөз. Мұндай ұжымдық еліктеушілік болған жерде нағыз жайбарақат, «эмоциялық терісі қалың» адамның өзі де өкінбей қала алмайды.

Жақсылықты мақұлдау немесе жамандыққа төзбеушілік қасиеттер ұйтқы

1.Сухомлинский В.А. Ұжымның құдіретті күші.А.1979.

болған ұжымдық іс-әрекетте қалыптасады. Егер ұжымда айқын эмоциялық өмір болмаса, жалпы наным-сенім және идеялар жөнінде әңгіме болуға тиіс емес.

Асыл сезімнен туған іс-әрекеттерден сөз бен істің байланысы, ой мен қызметтің байланысы, наным мен өмірлік практиканың байланысы көрініс табады. Мұғалімдердің: «Ұжым сөзге құлақ аспайды...Оларға асыл, идеялық абзал нәрселерді айтасын, ал олардың жүрегі селт етпейді» деген шағымын жиі естуге болады. Неге бұлай болады? Себебі, мұғалімнің ұжымға айтқан сөзі қайнаған жан сезімнен алшақ жатады. Ал сөз, ой-іспен, әрекет-қимылмен астасып барып сезім күйіне айналғанда ғана шәкірттің санасынан бүкіл өзінің эмоциялық қадір-қәсиетімен орын тебеді. Ізгі сезімдерге бой ұрған адам сөзге мейлінше сезімтал келеді. Ізгі сезімдер билеген қызметпен ұжым неғұрлым көбірек әуестенсе, оның эмоциясы да соғұрлым бай болады, ұжым мүшелерінің арасындағы идеялық байланыстар да соғұрлым берік және сенімдірек болады, соғұрлым ұжым да идеялық, моральдық, еңбек қосындысы ретінде мықтырақ болады. Ұжымның көзқарасы мен құштарлығының бірлігі өзінің бастауын сезім бірлігінен алады.

Түлектерді эмоциялық жағынан бай іс-әрекетке іс кезінде қалай бейімдеуге болады, ұжымның рухани өмірінің осы бір нәзік өрісін қалай басқару керек?

Сұлулық, моральдық ізгілік, әлсізге көмекке келуге әзір тұру қасиеттері баланы тартып тұрады. Оның жомарт, мейрімді болғысы келеді. Басқа адамдардың шаттығы мен қайғысын жанымен ұғынуға қабілетті ол. Бірақ адам жанының асыл қасиеттерін жасау керек, баулу керек. Ұжымның рухани өмірінің ерекше саласы бар, оны эмоциялық жағдай оқиға, өз-ара қарым-қатынас деп атауға болады.

Ұжым өмірі-бұл адамның адамға: жүректің жүрекке, ойдың ойға, қуаныштың қайғыға, шаттықтың шаттыққа, бақыттың қасірет пен үмітсіздікке... деген мың сан нағыз кездейсоқ та нәзік түрде жанасуы. Сайып келгенде, минут сайын бір-бірінің дүрсілін сезіп келген жүректердің қандай болатындағы,-нәзік те сезімтал ма, әлде дөрекі, қатты ма, бұл моральдық жетілу және өз бетінше жетілу соқпағымен түлектерді бастап жүрушіге байланысты болады. Кішкентай адамдардың бір-біріне мың сан нәзік жанасу сәттері көріп, сезініп, түсіну үшін, бұл жанасу сәттері адамның жүрегін жараламай, Адам сұлулығын тудыру сәттері болуы үшін, мұғалімнің жүрегі өте сезімтал және ашық болуы керек.

Осы бір өмірден алынған шағын суретте тәрбиеленушінің эмоциялық жағдайын педагогтың нәзік сезіммен сезе білетіндігі айқын көрінген. Сезімталдық ұжым мен мұғалімнің жүрегінде, көзқарасында, көңіл күйінде орын алуы тиіс, ал ұжымның көңіл күйі едауір жағдайда мұғалімнің көңіл күйіне байланысты болады. Әрине, ұжымда сондайлық, былайша айтқанда, нәзік эмоциялық жағдай жасау үшін, адам сезімдерінің ең нәзік көріністеріне-қуаныш-шаттыққа, қасірет-қайғыға, жалғыздыққа балалар жүрегінің сезімталдығын дамытып, орнықтыру керек.

Сіз балаға не жайында айтпаңыз, өмірдің қандай қыры мен сырын ол танып білмесін, не жайында ойланып толғанбасын, бәрінде де эмоциялық астар бар. Баланың жай-күйіне, әрбір сөздің эмоциялық сарынына мейлінше сергек қарау керек. Кей уақытта, оқу-үйрету процесінде, құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын шәкірттерге аша келе, ұстаз баланың эмоциялық және эстетикалық дүниесі жайлы ұмытып кететін сәті болады.

Мұғалімнің балаларға ғылыми ақиқаттың мәнісін қалай ашып көрсету керектігін түсіндіріп жату артық болар. Ғылыми білімді жеткізгенде балалардың эмоциялық, интеллектуалдық, эстетикалық дүниесінің үйлесімін бұзбайтындай етіп жеткізу керек. Балалар: пайдалы және зиянды ұғымдардан басқа, әдемі

және жиренішті нәрселер жайында да ұғымдар барын түсінетін болуы керек.

Эмоциялық жағдайды оқиғаны, өз-ара қарым-қатынасты және ұжымның тәрбиелік ықпалын қалыптастырудағы оның ролін қарардан бұрын, тәрбиешінің арнаулы жұмысының айрықша маңызды екендігін атап өту керек, бұл жұмыстың айрықша маңыздылығы оның мыналарға бағытталуында: адамның ізгі сезімдері махаббат, жомарттық, рақымшылдық, жолдасқа жәрдем көрсетуге әзір тұрушылық, ар-ожданның азап шегуі, кешірім өтінуге және қатесін шын түзетуге бейімдік, үлкенді құрметтеушілік, кеселді нәрсеге, әсіресе жалқаулыққа, екі жүзділікке, өтірікке төзбеушілік күнделікті қарым-қатынастарда, жұмыста, ұжымның интеллектуалдық өмірінде жетіліп, нығая беруінде.

Егер ұжымда шыншылдық болмаса, онда ұжымның идеялық тәрбиелік күші туралы әңгіме де болуы мүмкін емес. Балалардың Мұғалімге, бір-біріне өздерінің сезім күйін еркін, шын ниетпен, ашық білдіруіне, осы сенім күйі ұжымның жеке адамға қатынасында да, жеке адамның ұжымға қатынасында да көрінуіне қол жеткізуге тырысады-**1**. Балалар өздерінің сезім күйін бүркемелеп, екі жүзділік еткен жерде, кеселдің зоры сол арада туады. Егер бала өзінің сезім күйін өшіруге, жаншып-езуге мажбур болса, әсіресе оның басқа адамдарға деген қатынасын білдіретін сезім күйін өшіруге, жаншып-езуге мажбур болса, оған қандайлық зиян келетіндігін түсінудің өзі қиын. Сезім күйі езіліп-жаншылған балалар, әдетте, интеллектуалдық қасиеті жаншылған, ой-пікірі жұқарған балалар. Сезім күйі еркін көрініс бермеген жерде ұжымдық рухани шабыт, идеяны ұжым болып сезіну мүмкін емес.

Педагогикалық қызметтің бастапқы жылдары есте қалған жайттарымның біреуі мынау. Көп жылғы тәжірибе менің көзімді мынаған жеткізді: ұжым мен жеке адамның моральдық, идеялық тәрбиелілігі, ұжымның тәрбиеші болу қабілеті, ал жеке адамның тәрбиеленуші болуы және сонымен бірге өзін-өзі тәрбиелей білуі мынадай ерекше маңызды факторларға, әрбір тәрбиеленушінің

1.Сухомлинский В.А. Ұжымның құдіретті күші.А.1979.

адамгершілік ар-намысының эмоциялық жағдайы сияқты, рухани тауелсіздік және намысшылдық, жәбірлеуге төзбеушілік жағдайы, өзінің түкке тұрмайтындығы, дәрменсіздігі туралы ойды, ұжым өміріне, өз тағдырына ықпал жасауға өзінің қабілетсіздігі туралы ойды қабылдамау жағдайы сияқты факторларға байланысты болады-1. Мен қашанда әр түлектің бойына өзін-өзі құрметтеу, жақсы намыскерлік, адамдар арасында болатын дөрекі әдепсіз қарым-қатынастарға төзбеушілік қасиеттердің өмір бойы орнығуы үшін тырыстым. Мейлі сіздің тулегіңіз тікірейген, қиянқы, бір беткей-ақ болсын-мұның өзі үн-түнсіз бас ие берушілікке, жігерсіздікке қарағанда, әлдеқайда тәуір. Тәрбиеленушінің бүкілуші моральдық күш-жігері тек қана сіздің еркінізді орындауға жұмсалса үлкен қауіп бар деп біліңіз. Жігерсіздік, түке тұрмаушылық-оңбағандықтың қарындасы. Өзіндік ештеңесі болмаған адам, адамның мінез-құлқының ең нәзік моральдық ерекшеліктерін білу қабілетінен айрылады. Мектеп өмірінің алғашқы қадамынан бастап-ақ әрбір баланы тәрбиелегенде, ол өзінің жұмысымен, жолдастарына қарым-қатынасымен, адамдармен араласумен өз күш-жігері арқылы адамгершілік қасиетін, қолымнан келеді-келмейді, жарамды және жарамсыз деген ұғымдарға қатысты барлық нәрсеге сергектік қасиетін орнықтыратындай етіп тәрбиелеңіздер.

Мұның өзі жалпы алғанда тәрбие ісінің нәзік өрістерінің бірі. Сіз неғұрлым ерік күшіне, ойсыз күштеуге көбірек үміт артатын болсаңыз, баланың наразылығы мен «өз еркіндігіне» төзімсіздік көрсетсеңіз, соғұрлым сіз баланы тезірек бұзып, бүлдіретін боласыз. Баланың ерік күшін сақтықпен жанамалай

оятып, бекіту керек, оның өзі туралы ойлауына, өзін тәні, бағалай білуге ұйтқы болу керек. Ал ең бастысы-өзіне деген сенім. Ұжымда қоғамда жеке адамның ұжым мүдделерін білдіретін ерікке бағына білуі орасан зор роль атқарады. Бағыну-бұл адамның белсенді рухани қызметінің нағыз күшті

көріністерінің бірі. Саналы түрде бағыну, жеке адамның тәртіптілігінің және ішкі жинақылығының өз мәні ретінде, өз ар-намысының дамыған нәзік сезімін талап етеді. Жеке адамның ерік күші деп біздің атайтын нәрсеміз ар-намыс сезімі, белсенді қызметте мыңдаған рет білінетін, қоғамдық қажетті әрекеттердің орнығуына, шынайы, ашық достық қарым-қатынастардың, жан

байлығының, жолдастық өз-ара көмектің нығаюына, ал сонымен бірге кеселді нәрсеге төзбеушіліктің орнығуына бағытталған ар-намыс сезімі болып табылады.

Тәрбиенің осы бір ең маңызды заңдылығын басқаша сөзбен былайша тұжырымдауға болар еді: қоғамның парасатты, көкейге қонымды, қажетті, міндетті талаптарына бағыну үшін, адам өзін өзіне бағындыра білуге тиіс, бұйыруға, жарлық етуге, ұстамдылық етуге қабілетті ерік күшін өз бойынан таба білуі тиіс. Ал өзіне өзі бағыну үшін, өзінде үстемдікті бекіту үшін, өзін мейлінше құрмет тұтуы керек. Адамның өзін-өзі құрметтеуін әлпештей келе, біз оны ұжымшылдыққа баулимыз. Өйткені, кімде кім өзін-өзі құрметтей отырып, ұжым талабын өзінің алдына қойылған талап деп білсе, өзінің моральдық даму жолын айқын көреді және бұралаң жолға қадам баспайды, ондай адам басқа адамдардың іс әрекеттеріне белсене қатысуға, зұлымдыққа қарсы игілікті істе сенімді пікірлес те жақтас қайсар күрескер болуға қабілетті болады.

Өзін-өзі құрметтеу-эмоциялық жағдай, ол мектептің жалпыға бірдей бәрін қамтитын рухы болуға тиіс. Шәкірттің шәкірт алдында және шәкірттің ұстаз алдында қалай ұстайтындығы және оның адам жайындағы аса күрделі ой-пікіріне дейін-осының бәрі мектепте өзін-өзі құрметтеушілік рухына бөленуге тиіс.

Ұжымның қуатты тәрбиелік күші адам мектепте білімді енжар тұтынушы болып қоймай, қайта оны жасаушы болған жағдайда ғана пайда болады. Адам өзінің бойынан творчестволық күш-жігерді сезінегенде, өзін жасампаз ретінде

танығанда, міне адамның нағыз бақыты нақ осында.

Осы орайда біз ең басты эмоциялық жай-күйдің бірін сипаттауға көшеміз, мұнсыз ұжым да, асылы мұғалімдер мен оқушылардың толық құнды рухани өмірі де мүмкін емес. Бұл жай-күйді: іздену мен табу, жаңалық ашу және танырқану деп атауға болады. Бұған қосарым: егер мектепте бүкіл мектеп өмірінің фоны ретіндегі осы эмоциялық жай-күйді естен шығаратын болса, мұғалімнің еңбегі ауыр, бір сарынды болады, қызметтік міндеттер орындауға жалыққан іске айналады.

Мұндай құбылыстың күрделілігіне ой жүгіртіп көрейік: біздің ісіміз балаға, оның ерекше таным дүниесіне және оның өзінің жеке басының көрінісіне және сонымен бірге кішкентай еңбеккерге байланысты. Біз өзіміздің түлегімізді елеулі еңбек соқпағымен жетектейміз, ал әредікте оны мейлінше қам көңілсіз ойын соқпағына түсіріп жібереміз. Осы процесте біз баланың күш жігерін мойытпауға, оқу-үйрену ісі ойынға айналып кетпеуіне, біздің түлегіміз қиындықты танып білуіне қамқорлық етуге тиістіміз. Баланың көз алдына суреттердің, бейнелердің, ақиқаттардың, идеялардың шексіз дүниесі ашылады; осы шексіз дүниенің ең маңыздысын және ең қажеттісін біз таңдап алуымыз керек. Білім мұхитының нағыз бағалы тамшыларын баланың өзі іздеп, тауып ала білуіне қамқорлық жасау қажет. Мектеп тәрбиеленушіге тиянақты білім беруге және сонымен бірге оның ақыл ойын дамытуға тиіс, өз қабырғасынан оны ақылды, интеллектуалдық жағынан бай, білімге құштар адам етіп шығаруға тиіс. Оқушы өзінің ерік күшін барынша жұмсау арқылы білімге ие болуы тиіс және сонымен бірге жолдасқа жәрдем көрсетуге әзір, кең мағынада алғанда, онымен өзінің білгендерін интеллектуалдық қабылдағандарын ортаға салып, пікірлесуге әзір тұратын ұжымшыл болуы тиіс.

Осындай күрделі проблемаларды қалай игеруге болады?

Ең басты нәрсе-біздің алдымызда әрі бала, әрі еңбеккер тұрғанын әрдайым есте ұстау керек. Бұл күрделі және қарама-қайшылығы бар бірлік. Осы

1.Жарықбаев А. Педагогика. Алма-Ата.1998 ж.

күрделілік пен қайшылықты ұмытқан жағдайда сан алуан қиыншылықтар пайда болады, күнделікті қызметінде мұғалімдердің осындай қиыншылықтармен ұшырасып отыруына тура келеді. Балалар ұжымы сапа жағынан ерекше құбылыс, оны ересек еңбеккерлер ұжымымен салыстыруға болмайды. Балалар ұжымының түбегейлі айырмашылығы ең алдымен мынада: оның тәрбиелік қабілетін енді-енді қалыптастыру керек. Балалар ұжымының тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану-бұл, шамасы, ең алдымен ұжымның тәрбиешіге айналуы үшін жасалатын, құрылатын қарым-қатынастардың тек жүзден бір бөлігін ғана пайдалану болар.

Егер бала еңбеккер болмаса, мектеп өз міндетін атқара алмайды. Баланың оқу ісіндегі еңбегі, оған деген қарым-қатынас-бұл негіз, интеллектуалдық, моральдық, эмоциялық, эстетикалық, идеялық тәрбиенің бұтақтары осы негізден өсіп жетіледі.

Біз баланың өзін білім іздеуші және білім табушы деп сезінетіндей етіп тәрбиелеуге тиістіміз. Тек осындай жағдайда ғана мектеп оқушысының бір қалыпты, қажырлы, жалықтыратын жұмысы қуанышты сезіммен әрленеді және кішкентай адамдар жасампаздық сезім күйіне бөленеді. Адам ойы дайын, мұғалім берген білімді жаттап алуға ғана бағытталмай, жаңалық табуға, ізденуге бағытталған жағдайда ғана күнделікті оқу, білім-таным шаттығы жүрек қалаған іске айнала алады. Балалардың ой-пікірінің белсенді өмірі-бұл тиянақты, терең білімді, ұжымдағы нәзік интеллектуалдық өз-ара қарым – қатынастарды үйренуге деген саналы көзқарастың да ең басты алғышарты.

Сабаққа әзірленгенде, оқушылардың не істейтіндігін және не жайында ойланатындығын ескерте отырып, тәрбиеші-мұғалім өзінің жұмысын және оқушылардың жұмысын мынадай тұрғыдан қарауға тиіс: осының бәрі қандай

ретте және қандай формада ізденушілік пен іздегенді табушылық болады, балаларды ойлануға қалай үйрету керек? Баланың үнемі әлденені ізденуі және іздеп тапқаннан кейін, ақиқатты ашу шаттығын басынан кешіруі, алған білімін өзінің тапқан олжасы деп қарауы маңызды нәрсе. Білімді игеру процесінде баланың бастан кешіретін сезімдері- бұл нәзік қыл, оқу-үйрену тілегі осыған байланысты. Бастауыш сыныптарда бұл қыл ерекше нәзік. Ал егер таным айқын да толғанысты сезімдермен ұштастырылса, онда бұл қыл өте берік болады және еш уақытта үзілмейді.

II -БАП.

Ұжым өмірінің эмоциялық байлығы-ұжымның жеке адамға тәрбиелік ықпалының қалыптасу шарттары

II.1.Мектеп оқушыларының болашаққа, өмірге өз сенімін, көзқарасын дамыту.

Адамның өз ұрпағын еңбекке, кәсіпке, өмірге икемдеп үйретуі тарихи процесс. Тіпті, жазу-сызуды білмеген, ғылым мен мәдениеттен мешеу кезеңнің өзінде ұрпағын еңбекке тәрбиелеу отбасы тайпа мүшелерінің ортақ ісі болған.

Ізденушілік пен іздегенді табушылық-интеллектуалдық ерік күшін барынша жұмсаудың ең басты, ал бастауыш сыныптарда бірден-бір қайнар көзі болып табылады. Тек осының арқасында бала оқуды еңбек деп, ал өзін-еңбеккер деп таниды, болашаққа ұмтылады. Ізденбейінше және іздеп бірдеңе таппайынша, демек, күшінді жұмылдырмайынша, әуестену, рухтану дегенді ойға да алуға болмайды. Бір баланың ой еңбегімен әуестену сезімі екінші балаға ауысады, әуестенушілік пен рухтанудың эмоциялық жағдайы ұшкын тәрізді болып саналады, ұжымның толымды, толық мәнді рухани өмірінің алауы сол ұшкыннан лаулайды.

Ой еңбегімен әуестену, рухтану орын алған жерде жеке адамның да, сондай-ақ ұжымның да интеллектуалдық жағынан өсуі, дамуы мүмкін. Әуестенбейінше, рухтанбайынша, ой еңбегін-іздену және табу процесі деп білмейінше, оқу жаттанды нәрсеге айналады; мектептің басты мақсаты-жалпы ақыл-ой дамуы, ұшкыр ойды қалыптастыру, білімге құштарлықты баулу мақсаты одан түсіп қалады. Білімді игеру оқушы үшін абыройлы іс, намыс пен

мақтанушының орнығуы болып табылады. Төменгі сыныптардан бастап ізденгіш, зерттеуші, ойлы адам болған тәрбиеленуші өзінің өмірге, болашаққа сенімін мықтайды.

Ақиқат алдында, адамның ақыл-ойы алдында, өз ой-пікірі алдында таңырқау -ізденушіліктің эмоциялық жағдайының ең маңызды белгісі болып табылады. Таңырқау -ойланудың сенімді соқпағы. Баланың ойындағы таңырқау мынадай кезде ол белгісіз бір нәрседен, заттар мен құбылыстардың арасындағы толып жатқан байланыстардан нендей бір жаңа нәрсе ашылғанын көрген кезде, және осы жаңа нәрсенің тууынан бала өзінің күш-жігерінің, табандылығының нәтижесін көрген кезде пайда болады. Таңырқау арқылы бала өзін белсенді ой-еңбеккері-ойшыл деп сезінеді. Ақиқатты тану процесіне және ақиқаттың өзіне таңырқау ұжымда адамның өзін тануының және өзін тәрбиелеуінің, тану және өз-ара ықпалының ең маңызды эмоциялық жағдайы жеке адамның және ұжымның рухани өмірінде ғылымдағы ашылмаған, белгісіз, зерттелмеген нәрсеге деген сергектік сезімді дамытады. Балалар, әсіресе жас өспірімдер өзінің күнделікті оқу процесінде ақиқатқа таңырқау сезімін басынан кешкен жерде творчестволық іздену жағдайы, білу және тану тілегі үстем болады.

Ұжымның жекелеген оқушылардың оқуына ықпалы туралы көп әңгіме естуге болады. Бұл ықпал көбінесе мектеп оқушысының жолдастарының алдындағы есебі сияқты, қанағаттанғысыз үлгерімге, жақсы оқыған адамды көтермелеуге ұжым тәсірінің әр түрлі формалары сияқты ойға алынады. Егер ұжым ықпалын тек осы тұрғыда қарайтын болсақ, онда ешқандай жақсы нәтиже болмайды. Ұжымның жекелеген оқушылардың ақыл-ой күшіне ықпалы ұжымда талаптылықтың интеллектуалдық жағдайы болған ретте мүмкін болады; ақиқатты ашушы болу жөніндегі жеке бастық тілектерді біртұтас ұжымдық талапқа біріктіретін рухани бірлік дегеніміз осы жағдай. Егер сіз ойдағыдай оқуға ең басты ұйтқы әрбір оқушының жеке талабы болсын десеңіз, талаптылықтың ұжымдық интеллектуалдық жағдайын жандандырыңыз,

нығайтыңыз, өрістетіңіз.

Бұл істе табысқа жету үшін, ұжымның сан қырлы интеллектуалдық өміріне қамқорлық жасап отыру керек. Егер оқушылардың ақыл-ой мүддесі сабақты тыңдаумен және оқулық бойынша үйге берілген тапсырманы орындаумен ғана шектелетін болса, баланың әуесқойлығын еш уақытта баули алмайсын. Егерде сабақ пен оқулық білім мен ақыл-ойдың ұшқынды отына айналады. Егер сабақтарда баланың алған міндетті түрдегі білімдері ойлану өрісінде жеке құштарлықтың нәтижесінде, өзін орнықтыру тілегі нәтижесінде қабылдаған білімдерімен жыл сайын молығып, толықтырылып отырғанда ғана білуге құштарлықтың интеллектуалдық жағдайы ұжымда орнығады.

Ұжымның оқу өрісіндегі, ақыл-ой жетілуі, білім алу өрісіндегі тәрбиелік күшінің қалыптасуы едауір дәрежеде мұғалімнің интеллектуалдық тоқырауды, ақыл-ой кемістігін, ақыл-ой қабілеті әлсіз, ұмытшақ оқушылардың енжарлығын қалай жеңе білуіне байланысты болады. Мұндай оқушылар әрбір сыныпта болады. Ұжымға мынадай жағдай да теріс әсер етеді: егер әлсіз оқушы әрдайым әлсіз күйінде қала беретін болса, ал оның есесіне оның білім алуына деген талаптар барған сайын көбейе беретін болса, онда көбінесе былай да болады: оқушы сыныптан сыныпқа көшкенде барған сайын бірте-бірте әлсіз бола береді. Оқушы қандайлық әлсіз болғанмен де ол оқудың әрбір сатысын өткен сайын өзінің ақыл-ойының жетілуінде тіпті төмен дәрежеде болса да сәл жоғарылауы тиіс. Оқушының бұл өсуі ұжымда үстемдік алатын білуге құштарлықтың интеллектуалдық жағдайына байланысты болады. Мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы бір сыныптағылардың арасындағы, жоғарғы сыныптағылар мен төменгі сыныптағылар арасындағы өз-ара қарым-қатынастар ойлау рухы оқуды қиынсынатын адамға қуатты эмоциялық ұйтқы және моральдық көмек болып табылады.

Өзінің практикалық жұмысында таңдаулы мұғалімдер ең маңызды ақиқаттарды баланың өзінің тапқан жаңалығы ретінде тануына күш салады.

Маселен, бала табиғаттың барып тұрған әр қилы құбылыстарын аңғарады: өзен ағады, бұлт үйіріледі, жаңбыр жауады, ағаштар өседі... теңестіре, салыстыра, қорыта келе, ол мынадай түйін жасайды: Жер бетіндегі күрделі де сан өрнекті бар тіршіліктің қайнар көзі күннің жылуы, күннің қуаты. Күн – бүкіл тіршіліктің көзі. Осы ой оқушының санасын жарқырата түседі. Осы ойға ол өз бетімен келгенін мақтаныш тұтады. Осы ойды басынан кешірген күн оның өмір бойы есінде қалады, өмірге сенімі молаяды. Ал егер осы жаңалықты мектепке шектеулі ақыл-ой қабілетімен келген оқушы ашатын болса,- ол бұл сәтте тек ақыл-ой дамуында ғана емес, сонымен бірге моральдық дамуда да бір саты көтеріледі: ол өзін ойлы адам деп сезінеді. Ол өзіне басқаша көзбен қарайды, ол бейне бір өзін ашқандай болады. Жеке адамның өзін орнықтыруының қуаты қайнар көзі, ұжымның тәрбиелік көзінің қайнар көзі-оқушының осы мақтаныш-шаттығында.

Қазіргі ғылым қаныға да, тәніңе де сіңетін нағыз білімді адамдарды қалыптастыру,- бұл келешегіміз болған жастарды тәрбиелеу. Біз аса күрделі және өзіндік мінезі бар құрылыс материалы-баланың, жас өспірімнің, жас жігіттің санасын жетілдіру саласында жұмыс істейміз. Біздің алдымызда ұжымдағы жеке адамдардың күрделі, әрқилы қарым-қатынастары тұр. Әңгіме ұжым мен жеке адамның ой әлеміндегі рухани өмірі туралы, ұжымның интеллектуалдық сезімдерінің, дүниеге көзқарастарының, наным сенімдерінің, қызметінің бірлігі туралы болып отыр. Ұжымның біліммен тығыз байланысты белсенді қызмет ету проблемасы,-бұл идеялық тәрбиенің ең маңызды проблемаларының бірі.

Жастарды болашаққа үйрету-бұл жастардың өмірге, қоғамдық өмірдегі өзінің атқаратын роліне оның өз сенімін, өз көзқарасын тудыру деген маңызды пікірін кейде ұмытып кетеміз. Болашақ сенімдер жөніндегі идеялар жолбасшы болып табылады, ол тәуелсіздік идеологиясы, қазіргі күрделі кезеңде адамды

тәрбиелеудің жаркын жолын көрсетіп береді: не педагогиканың теориясында болсын, не мектеп тәрбиесінің практикасында болсын, істің шын мәнінде, мына сияқты өте-мөте маңызды факторларға, тәрбиеленушілердің өзінің ой-пікіріне көзқарасы сияқты, ұжымның және жеке адамның рухани өміріндегі өзіндік ерекше, өз бетіндік ой-пікірінің алатын орны мен ролі сияқты факторларға назар аударылмауы таңғалдырады. Ұжымның тәрбиесін және адам бала жас өспірім, жас жігіт интеллектісін дамытуды, тереңдетуді, оның өз бетінше ойлану қабілетін жетілдіруді кейбір мұғалімдер бейне бір үйлеспейтін және сан салалы нәрсе деп есептейді. Бұл тәрбие ісіне қарапайым, үстірт көзқарас. Оның бер жағында көп ретте оқушылар тобының ұжым бола алмауының себебі сол, әрбір жеке адамның және жеке адамдар жиынтығының ой әлемінде бай өмірі жоқ, затқа, құбылысқа, идеяға, проблемаға сергектікпен, ой толқынымен тереңдеп үңілу жоқ. Егер әрбір тәрбиеленушінің рухани өмірі кемтар және шектеулі болса, оқушылар тобы нағыз ұжым бола алмайды.

Әрбір тәрбиеленушіні ойлану шаттығына, ой-пікір әлеміндегі бай өмірге ұмтылуға рухтандыру; бұл тәрбие жұмысының ерекше міндеті.

Әрбір баланы ой-пікірдің сарқылмас қайнар көзіне әкелу өте маңызды тәрбиелік міндет деп қараймын, жас өспірім кезінде, жігіт кезінде, ересек болғанда, өзі балаларға әке болып жетілгеннен кейін де осы ой-пікірдің қайнар көзіне өзінің бүкіл өмірі бойында оралып отыруын қарастырамын. Табиғатты, еңбекті, адамның мінез-құлқындағы моральдық сұлулықты, кітапты және творчествоны мен осындай қайнар көздер деп есептеймін. Орта мектеп курсы мұқият игеріп, аттестат алып шығу әлі де болса нағыз ойлы адам болып шықты деген сөз емес. Ой дүниесі кемтар, таяз адамдардың да жоғары білімі бар-бұл жиі кездеседі. Сондай-ақ, керісінше, белгілі бар себептерге байланысты, тіпті толық бастауыш білім ала алмай қалған нағыз ойлы адамдар қаншама. Мұндай адамдармен аса күрделі, ең нәзік нәрселер жөнінде де сөйлесуге болады. Ойлы адам болу дегеніміз-бұл дүниені және қоршаған дүниедегі өзінді... нәзік, сергек

тану, түсіну, сезіну деген сөз. Бұл еңбекте, творчествода, табиғатпен араласқанда, адамның моральдық сұлулығына жақындағанда, адам баласының рухани мадениет байлығын және ең алдымен кітапты игергенде пайда болады. Ойлы адамның өміріндегі оқу ісі-бұл кітаптың бірінен соң бірін қылғытып жұта беру деген сөз емес, қайта Рух творчествосы: ол аз кітап оқуы мүмкін, Бірақ осы оқығаны оған, тек «уақыт өткізу» үшін ондаған кітап оқыған адамға бергеннен әлдеқайда көп береді.

Өз тәрбиешілерімізді ой-пікірдің саркылмас көздеріне алып бара білуіміз қажет. Біз, педагогтар, тек осы іскерлікті игерген кезде ғана оқушылар біздің тәрбиеленушілеріміз болады, бұл ұғымның толық мағынасындағы тәрбиелі адамдар болады, ал біз олардың тәрбиешілері боламыз, сонда бізге бақылаушыларға айналып кету қаупі тумады. Бастауыш мектепте істеген төрт жыл ішінде мен, балалардың өмір бойы ойлану отының тамызығы болатындай ойды олардың санасында ояту үшін сан рет әдейі табиғат аясына ертіп барып жүрдім. Бұл орайда ой-пікірдің қайнар Көзіне біздің ұжым болып баруымыз, ақиқат жаңалығына таңырқау сезімін ұжым болып басымыздан кешіруіміз айрықша роль атқарады. Мен балаларға табиғаттағы өмірдің тууы мен өшуін, өмір күштерінің қызу гулденуін, күрделі құбылыстар мен процестер сұлулығын көрсетемін. Мұндағы мәселе балалардың әлденені білуінде ғана емес түйінді философиялық ойлардың оянуында, ойлану сұлулығына қатысуында жатыр. Табиғат оларға бір құпия сырды: таным-тамаша нәрсе!-деген сырды ашады. Осы арада, табиғат аясында-танымның бірінші және басты қайнар көзінде тәрбиеленушілерге жаңалық ретінде, материяның мәңгілігі туралы, табиғаттың шексіз әр түрлілігі туралы, адам мен табиғаттың тұтас бірлігі туралы, адамның табиғатқа тәуелділігі туралы және табиғат күштері мен табиғат байлықтарын орынды пайдалану қажеттігі туралы, табиғаттың шыны-адам туралы және сонымен бірге оның табиғаттың бөлінбес бір бөлігі екендігі туралы, уақыт және кеңістік туралы, өлім мен өшпес өмір туралы ойлар балаларға өздері

ашқан жаңалықтар сияқты болып көрінгендіктен, тәрбиеленуші өмір бойы ойлы адам болады. Ал кімде-кім балалық шағында өзінің тәжірибесі арқылы творчестволық еңбектің мәнісін білмесе, кімде-кім өзін көрсетпесе, нағыз ойлы адамдармен, ұжымшылдермен, данышпан еңбеккерлермен араласып көрмесе, ол ойлы адам бола алмайды, демек, нағыз ұжымшыл де бола алмайды деген сөз.

Біз еңбек адамын және еңбектің өзін өмірдің жоғары даналығы деп танимыз. Еңбек шын мәнінде ойлы болуға үйретеді, жеке адам мен ұжымға толық рухани өмір береді-ойлану рақатын сыйлайды. Еңбек тәрбиесін ойдан, оқудан бөлінген нәрсе деп қарауға болмайды. Жоғарыда айтылған ұжымның интеллектуалдық өмірі тек еңбектің-ақылды, творчествоға толы, адамды игілікке бөлейтін еңбектің арқасында ғана мүмкін болады. Ұжымның рухани бай өмірі үшін сондайлық қажет эмоциялық тандану жағдайы да еңбекте туады.

Еңбек-бұл өте күрделі құбылыс онда адам өмірінің идеялық, эмоциялық, ақыл-ой, эстетикалық, психологиялық, творчестволық мәні, тәрбиесі мен өзіндік тәрбиесі ашылады. Тек қана еңбекте біздің арқайсымыз өзін адам ретінде, жеке адам ретінде, игі мұраттар жолындағы күреске қатысушы және зұлымдықтың ымырасыз дұшпаны ретінде, Отанның азаматы және қорғаушысы ретінде, өз анасының ұлы және өз балаларының әкесі ретінде, ұжымшыл ретінде, ақыр аяғында, ойлай білетін жеке адам ретінде өзін көрсетеді. Еңбек-бұл эмоциялық жағдайдың, іс-әрекеттің, жасампаздықтың ең таза және ең игілікті қайнар көздерінің бірі. Еңбекте туған, оянған, ұшталған ой қуанышқа, оптимистікке айналады. Мұғалім: «Мына бір кекеш баланы не істеймін, әлем сырын баланың өз күшімен білуіне ұмтылуы үшін не істеуге болады?»- деп зар ілеген кезде, менің мынаны айтқым келеді: «оның қолын шешіңіз де көзін ашыңыз, тырнағынан бастап миының ең асыл тарам-тамырна мың сан тамыр таратыңыз, сол тамырлардың арқасында қолы ақылын үйретсін, ал ақылы қолын үйретсін. Еңбектің , еңбек арқылы, білгірлік пен шеберлік арқылы адам табиғаттың ең қуатты және ең данышпан күші ретінде өзін көрсетеді. Адам өзін көрсете

алатын еңбек, шеберлік-бұл адамның өзін ұжымда өзінің көз алдында көрсетіп көтере алатын қасиеті болып табылады».

Бұл мектеп ісіндегі нағыз қиын да нағыз нәзік те жұмыс болуы мүмкін: балаға, жас өспірімге еңбек шаттығын, интеллектуалдық жасампаздық шаттығын, қол күшінің ой күшімен бірігу шаттығын беру. Әрбір баланың еңбегі-жеке адамды рухани мықты бірлікке байланыстыратын алғашқы жүздеген нәп-нәзік арқаулар ғой. Дана еңбектің арқасында туған ой шаттығы әрбір жеке адамның өзінің интеллектуалдық дамуына деген сезімталдығын ұштайды: баланың, әсіресе жас өспірімнің ақылды, рухани бай,

жомарт болғысы келеді, надан болғысы келмейді, ал мұның өзі әсіресе ұжымның тәрбиелік ықпалын қалыптастыру үшін ерекше маңызды. Егер сіз балалардың оқығысы келетінін, ақылды болғысы келетінін қаласаңыз, ұжым ішінде, ақылды еңбекті орнықтырыңыз. Мейлі ол еңбек оқу процесін жүзеге асыратын фон болсын. Мен еңбек балалардың рухани мүддесі болуы шын, осы мүдде балаларды ойшылдар мен жасампаздар ұжымына біріктіруі үшін қашан да ұмтыламын. Әдетте, олардың арасында ақыл-ой қабілеті әр түрлі балалар болады. Данышпандық еңбекке құмарту мынаған себін тигізеді: ең әлсіз балалар творчестволық қызметте-ойлануда өзінің жеке-даралығын көрсетіп, сол арқылы ұжым ішінде өзінің қасиетін нығайтады, өздерін жолдастарының құрметтейтіндігін сезінеді.

Тәрбиеленушінің белсенді қызметінде ойлану лаззаты ерекше күшті әсер ететін төтенше маңызды жағы бар, ол-творчество.Творчествосыз адамның өзінің күшін, қабілетін, бейімділігін білу көкейге қонбайтын нәрсе; онсыз өзін-өзі құрметтеушілікті бекіту, ұжымның моральдық ықпалына жеке адамның сергек көзқараспен қарауы мүмкін емес.Творчестволық өмірсіз жеке адам тәрбиелі адам бола алмайды, творчествосыз ұжымдағы жеке адамдардың рухани-интеллектуалдық, эмоциялық, эстетикалық, идеялық-өз ара қатынастарды көкейге қонбайды. Творчествоның ұғынықты болатын даму

сайысына жету үшін, міндетті түрде университет бітіру керек деп түсінбеу керек. Творчество-бұл іс-әрекет жеке адамның рухани дүниесі осында ашылады, бұл адамды адамға тартатын өзіндік ерекше магнит.

Миллиондаған оқушы миллиондаған ағаш егіп өсіреді. Бірақ осы қарапайым және бір көргенде көзге ілінбейтін жұмыс әрдайым творчество бола бермейді. Ол мынадай кезде ғана, адам ең нәзік, көзге түспейтін еңбек белгісінен, сол еңбектің нәтижесінен өзінің ерекше үлесін, басқа адамдардың жасағанынан айырмасы бар үлесін байқаған кезде ғана творчествоға айналады.

Миллиондаған жас жігіттер мен қыздар мектеп партасында отырып оқумен шұғылдануда, егерде олардың ең интенсивті жетілу жылдары, өмірдің өзі талап еткеніндей, білімді игеруге жұмсалмаса олар материалдық және рухани игіліктерді жасаған болар еді, станок жанында немесе егіс даласында жұмыс істеген болар еді. Мектептегі оқу ісі болашақта қажет болатын білімдерді үйіп-төге бермеуге тиіс. Мектептегі оқу-егер, біз шын мәнінде ол білімді адамдарды қалыптастыратын болсын десек,-осы заманғы жас адамның белсенді, идеялық, интеллектуалдық өмірі арқылы жеке адамның азаматтық творчестволық күшін нақ мынадай дауірде-адам дүние туралы ілімді жинақтап қана қоймай, сонымен бірге дүниеге, еңбекке, ымыраға келуге болмайтын әлеуметтік күштерге қарсы күреске өзінің жеке көзқарасын тудырған кезеңде көрсетуі тиіс.

Бұл күндері орта мектепті бітірушілердің білім шеңбері әлдеқайда кең. Бірақ бұл білім адамның ғылыми-техникалық прогрестен артта қалып қоймауы үшін ғана қажет емес. Бұл білім болашақтың жас құрылысшысының өзінің жоғары білімі негізінде дүниеге көз-қарасын – қоғамдық өмір мақсатына өзінің көзқарасын қалыптастыру үшін де қажет. Осы заманғы мектептегі тәрбиенің ең күрделі міндеттерінің бірі- тәрбиеленуші үшін жағдайлар туғызу, ол жағдайлар тәрбиеленушіге білімді игеру процесінде өзінің бойына білімге, ғылымға деген мынадай көзқарасты қалыптастыруға көмектесуі тиіс, бұл көзқарас оны

қоғамдық өмірде болашақ жолындағы белсенді күрескер ретінде, патриот ретінде ұлы мұраттарға берілген азамат ретінде орнықтыратындай сенім, көзқарас болуы керек. Идеялық өмір мен оқудың бірлігі – бұл, менің пікірімше, мектепте жиі сөз ететін жұрт қалайтын үйлесім. Болашақ мұраттар жолындағы саналы күрескерлерді өмірге шындау үшін біз оларды білімге, ғылымға, еңбекке шын көзқараспен қарауға тәрбілеуге тиістіміз: жас өспірім, жас жігіт, жас қыз нағыз азамат болуы үшін, олардың білімділігі ой-пікірдің нағыз еңбеккерлері болуға, біздің мұраттарымыздың салтанат құруы жолындағы күрескерлер болуға әзір екендіктерінде көрінуі үшін, ұжым ой-пікірдің бай, идеялық толымды әлемінде өмір сүруі тиіс. Ұжымның азаматтық бейнесі осыған байланысты болады. Ұжымның ой-пікірі мен интеллектуалдық сезімдерінің бағыты – шын мәнінде, идеялық-саяси жұмыс та осыған байланысты, бұл идеялық саяси жұмыс мектепте күн сайын, сағат сайын, минут сайын жүзеге асырылып отырылады. Мектептегі идеялық тәрбиенің мәні осы болып табылады.

Бұл тәрбиенің тиімділігі тағы да мынамен, ой-пікірдің, идеяның ұжым санасын қаншалықты терең игергендігімен айқындалады. Сабақта қоғам өмірінің құбылыстары туралы, табиғат туралы немесе адам туралы, моральдық немесе эстетикалық құндылық туралы әңгімелей отырып, нағыз Мұғалім-тәрбиеші білім ғана беріп қоймайтындығын, сонымен бірге жас ұрпақтың рухани өмірін әденемен байытатындығын да, ой-пікірді оятатындығын, білімге, ғылымға, мәдениетке, адамға деген белсенді көзқарасты нығайтатындығын да еш уақытта есінен шығармауы керек. Бұл шын мағынада оқушылардың болашаққа, өмірге сенімін, көзқарасын тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі болып есептеледі.

II. II. Ұжымда мінез түсініктерді баулау, өзіндік баға беру мен интеллектуалдық сезімдердің қалыптасуы.

Әрбір сабақта оқушылар әлденені жай біліп қана қоймайды, мұнда күреске даяр тұратын бір пікірлес адамдар ұжымы тәрбиеленеді. Оқыту басынан аяғына дейін көзқарастарды, сезімдерді, талаптарды, бағаны және өзінді өзін бағалауды баулып-тәрбиелеуде болады. Міне осының бәрі ұжымдағы қарым-қатынастарды сан түрлі қырынан ұғыну болып табылады. Менімен бірге сабақ тындап отырған жолдастар,- менің бір пікірлестерім екендігін мойындаудың өзі, жеке адамның күш-жігерін он есе күшейтеді. Бір пікірлік, бірлік сезімі – сенімнің қуатты қайнар көзі болып табылады – менің жеке-дара сенімім-шынайы шындық. Болашақ идеялардың ұлы шындығын ұжым болып сезіну ұжымның интеллектуалдық сезімдерінің, дүниеге көзқарастары сенімдерінің іс-әрекеті бірлігінің негізі болып табылады.

Адам баласының қолы білімге қиын, көбінесе қан төккен күресте жетті. Ақиқатқа жетудің жолы ауыр; бұл жолда қол жеткен білім,- бұл адам ерлігінің, жан қиярлығының сұлулығы. Бакыт шыңына-болашаққа жету жолындағы адам баласының күрес тарихы беттеріндегі әрбір жол-адам шабытының өшпес отындай лаулайды. Нағыз білімді адамдарды тәрбиелеу, қалыптастыру-бұл балаларға, жас өспірімдерге, жастарға, өз өмірін шындық пен ақиқаттың салтанат құруы жолында болашақ ұрпақтардың бакыты жолында құрбан еткен адамадардың жарқын бейнелерін ашып көрсету деген сөз.

Білімді адамдарды шын мәнінде тәрбиелеу деген-бұл ең алдымен адамды, оның қаһармандық рухын, Отанға шексіз адалдығын, сенімге берілгендігін, адам бакыты үшін ой-пікірдің бүкіл байлығын игеруге дайындығы мен

1.Жарықбаев А. Педагогика. Алма-Ата.1998 ж.

білгірлігін тану деген сөз. Адамның танымы, оның сұлулыққа сүйсінуі-ұжым мен жеке адамның рухани өмірінің негізі, ал бұл негіз сабақта туады, сабақта Мұғалім қоғам дамуының заңдылықтарын, адам баласының бакыты жолындағы күрескерлердің рухани сұлулығын ашып береді, бұлай еткенде, ол тәрбиеленушілердін адамға деген көзқараста өзімен бір пікірлес болуын, адамның сұлулығына сүйсінуін, адамның өшпес рақымын қастерлеуін көздейді. Ұжымның идеялық пікірлестерді тудыру процесін жүргізіп жатқаның, халықтың ұлылығы расталып жатқанын ұғындыру, адамдар бір пікірлес болған кезде ғана халық мұраттары болашақ ұрпақтарға жетеді. Бір пікірлес адамдар өздерінің алдына бірынғай моральдық талаптар қояды. Ұжымның әрбір жеке тәрбиеленушіге қоятын талабы, атап айтқанда бірыңғай моральдық талаптардың бастау көзі қайдан алынғандығына байланысты болады. Мектептің міндеті моральдық іс-әрекеттер, моральдық әдет-кылықтар идеялық бірынғай пікірмен астасуына байланысты.

Ұлы данышпандар бейнесі қуатты тәрбие күші болып табылады. Олардың жарқын өмірі, ой-пікірі, сенімі мен мақсатқа талпынушылығы, білімді қастерлей білушілігі-осының бәрі біздің тәрбиеленушілеріміз үшін жол көрсететін жұлдыз және өзін-өзі тәрбиелеу өлшемі болып табылады. Тәрбиеші, біздердін, әрқайсымыздың Отан туралы әңгіме айтып беруіміз үшін идеялық, рухани, педагогикалық мәдениеттін жоғары дәрежесіне жетуіміз керек. Бұл мәдениеттін мәні ең алдымен мынада: тәрбиешінің өзі оқушы алдында асыл мұраттармен ұшқын атып тұруы керек, болашаққа жете сенуі керек, өз түлектерін іспен, қимыл-әрекетпен, еңбекпен болашақ үшін күресуге игілікті талпыныс жасауға жігерлендіріп отыруы керек.

Егер жас өспірімдер мен жастар, ұлылық пен қаһармандық туралы ойлай отырып, сонымен бірге өзі туралы да, өзінің болашағы туралы да ойлай білсе, әр

бір жастың өзін-өзі тәрбиелеудің өлшемі болып табылады. Ал бұл пікірді мынадай ретте ғана , тәрбиеші, біздер, адамның көкейіне қондыратын идеямызды адамның жарқын бейнесімен ұштастырғанда ғана оята аламыз. Отан туралы әңгіме айтып тұрған кезімде мен идеялық сұлулық, болашақ мұраттарына берілгендік қасиет түлектерді баураса, ұйытса екен деп және сонымен бірге, түлектер ұлы данышпандар идеясына сүйсіндіре алуы керек. Ұлы және сонымен бірге мейлінше қарапайым адамның жанды бейнесін тәрбиеленушілердің санасы мен сезіміне неғұрлым нәзік түрде жеткізе білсең, соғұрлым ұжымның ынтызары оған көбірек ауады. Бәрінен бұрын Отан арқылы адамның асыл ізгі қасиеті жас адамдардың жанын баурап, сүйсіндіруіне, мәдени байлықтарды игеруге ұмтылдыруына қамқорлық жасай білу керек. Мұратқа әуестену, рухтану, ұмтылу болмаған жерде мұратқа жету мүмкіндігіне сенушілік те болмайды, онда ғылым мен білімге, кітап пен мектепке, Мұғалім мен еңбекке сүйіспеншілік болуы да мүмкін емес. Білім мұратқа талпынуы арқылы нұрланған жерде, адам мұратты өзінің жеке қажеттілігі, өзінің болашағы, өзінің бақыт жөніндегі түсінігі ретінде қабылдаған жерде ғана сенім туады. Егер сіз жас жанға болашақ сенімділікті орнықтырғыңыз келсе, болашақ жолындағы күрес бақытының ізгілігін ашып берініз. Ел қаһармандарының эмоциялық байлығына, оның үнемі білімге құштарлануына тәрбиеленушілердің еліктеуін, халық бақыты жолындағы, халық мәдениеті жолындағы күрестен ол өзінің жеке бақытын тапқандығын олардың сезуін өте маңызды нәрсе деп есептей біл.

Болашақ мұратқа қызмет ету – бұл борышын орындау, өзінің жеке мүддесін қоғамдық мүддеге бағындыру, қоғам бақытына бола өзінің жеке бақытынан бас тарту емес. Жас ұрпақты ғылымға деген еркіндік көзқарас рухында тәрбиелеу-бұл жақсы оқу керектігін ересек адамдар талап еткендіктен ғана орнықтыру деген сөз емес, осылай ету керек деген тілектен туады: білімсіз, сауатсыз адам бақытты бола алмайды.

Әңгіме нәзік, былайша айтқанда әсерлі нәрсе туралы болып отыр, оны мен мектеп ұжымының және әрбір жеке адамның идеялық, интеллектуалдық, моральдық, эстетикалық және эмоциялық өмірінің үйлесімді бірлігі болады. Көптеген мектеп ұжымдарының рухани өміріне мұқият көз салып көрейікші, солардан біз осы бірлікті көре алмаймыз. Бұл қайран қаларлық, қызық нәрсе, Бірақ көптеген мектептерден біз ең басты нәрсені, ой-пікір үстемдігін таба алмаймыз, онсыз ұжым туралы әңгіме болуы да мүмкін емес. Сабақ бойынша берілетін «материал» үзінділерін біз жиі көре аламыз, мұны оқушыларға беруі үшін әуелі мұғалім дайындайды, ал содан кейін баға алу үшін жауап бере отырып оқушылар дайындайды. Ойлануға, айтысып-таласуға, бір пікірлес немесе идея жағынан қарсы болуға тиіс адам, өзінің сенімі үшін жеке күреске шығуға тиіс адам, өзінің пікірін басқаның пікіріне «сүйкеуге» тиіс адам, міне осы адам күн сайын «материалдың» кезекті үзіндісін жаттаудан басқа ештеңе істемейді, осыны ойласан, жаның түршігеді. Сонда не үшін? Оқу, жаттау, жауап беру, баға алу үшін бе, ал содан кейін ұмытып кетуге бола ма?

Сабақты және оның атрибуттарын теріске шығару емес, ой-пікір үстемдігі мұның бәрі ой еңбегінің нәтижесі болуы тиіс, ал ешқандай ретте ой еңбегінің ең басты мақсаты болуға тиіс емес. Қоғамтанудың бір тамаша сабағы, ол сабақта оқушылар борыш туралы және бакыт туралы әңгіме козғады. Жұрттын бәрінің айтысқа беріліп кеткендігі соншалық, берілген жауаптардың балмен бағалануға тиіс екендігін Мұғалім де оқушылар да ұмытып кетті. Мұны тек сабақтан кейін ғана естеріне алды. Әрбір сабақта осылай болуы тиіс. Басты мақсат- баға емес, балл емес, қайта адамның өзінің ойлаған нәрсесі туралы күйініп-сүйінуін көрсетуі- басты мақсат. Ой-пікір үстемдігі әзірге жекелеген мектептерде болмай отыр, себебі оқушылардың көпшілігі ой-пікірде өзін көрсете білмейді, олардың бастарына куйылып жатқан информациялар таскыны олардың жеке рухани дүниесін өзгертпей отыр, өзіндік ой-пікірді оятып, орнықтыруға септігін тигізе алмай отыр.

Адамды тәрбиелеу- бұл адамның адамға деген рухани қажеттілігін қалыптастыру. К.Д.Ушинский өзінің еңбектерінде болашақ қоғамда басқа адамға деген қажеттілік жеке адамның үйлесімді және жан-жақты жетілуінің ең басты алғышарттарының біріне айналады деп талай рет атап көрсетті. Егер әрбір тәрбиеленуші кішкентай кезінен бастап ойшыл және еңбеккер болған жағдайда ғана мұндай қажеттілік оянады. Дайын білімдерді тұтынушы адам басқа адамның рухани дүниесіне терен қызығу қасиетін сезіне алмайды.

Тәрбиешінің асыл парызы жас ұрпақты білім игеруді және білімді қастерлей білуді үйретуі. Тандаулы тәрбиеші-ұстаздар материалдың мазмұнын терең аша біледі, оқушылар ғылыми ақиқатты жаныңдай жақын көреді, ғылыми ақиқат ғылымның қаранғылық пен надандыққа қарсы, прогрестің реакцияға қарсы күресінде туып, нығаяды. Отан туралы білім бере отырып, Отанның жетістігіне түлектерінің мақтаныш сезімін тудырып қана қоймай, сонымен бірге, бізде әліде қажетті деген нәрсенің тисінше бола алмай отырғандығын айтып, түлектердің жаны ашитын, ойланатын, қамқорлық сезімдерін тудыра білген мұғалім ғана нағыз тәрбиеші болып табылады.

Бір нәрсені сүйгенде, оны жеріне жете білгенде ғана білгенде де мұғалімнің сұрағына жауап беріп, баға алу үшін ғана емес, қайта сол білімімен өзіннің Отанына деген көзқарасты өз бойына дарытқанда ғана шын мәнінде сүйуге болады. Жас адамның осы рухани жай-күйін бір тамшы жаңбыр суын ансаған шөліккеген жерге теңеуге болады.

Тарих-бұл қуатты да мәңгі жанды күш, ол азаматты тудырады, бір пікірлес-ұжымдық адамдарды баулиды. Әрбір жас өспірімнің, әрбір жас жігіттің өзінің тарихы шағын кітапханасы. Отанымыздың даңқты өткен өмірі туралы, оның адал ұлдарының өмірі туралы, қазіргі және болашақ ұрпақтардың рухани қазынасына мәңгі айналған ұлдарының өмірі туралы кітаптары болуына қамқорлық жасау-мектептегі тәрбие жұмысының маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Тарихты, қоғамтануды, әдебиетті және басқа пәндерді-қоғам мен адам туралы ғылымдар негіздерін-зерттеу процесіндегі интеллектуалдық сезімдердің, дүниеге көзқарастың, наным-сенімдердің, ұжым қызметінің бірлігін орнықтыру-тәрбиеленуші мынаны ұғынған жерде ол еңбекші халықтың тәнімен бір тіндес екендігін, біздің қоғамымымыздағы әрбір еңбек адамы оның бір пікірдегі адамы және серігі екендігін ұғынған жерде ғана басталады. Егер тәрбиешінің өзі тәрбиелеп отырған адамдары қазір дүние жүзінде не болып жатқаның біліп қана қоймай, сонымен бірге өзінің бұқаралық позициясын айқын түсінсе ғана, тәрбиеші әрбір түлегінің жүрегіне нағыз тура жол тауып, оның ұжымдық сезімін, ұжымдық сүйініш-күйініштерін оята алады. Ал бұқаралық позицияны айқындау едауір жағдайда ұжымның қалай өмір сүріп отырғаныңа, қазіргі заманда оны қандай ойлардың толғандырып отырғаныңа байланысты болады.

Болашақ мұрат-бұл болашақ идеяларына адалдықтың қуатты қайнар көзі, Отан абыройы мен даңқы үшін күресуге рухани әзірліктің қайнар көзі, өмірге берік оптимизмнің қайнар көзі. Білім игеру процесіне көзқарас ұжымның рухани өмірінің өте маңызды қыры болып табылады. Еңбекті сүйеге, табанды болуға, білім ала білуге, нағыз ғылымға берілуге, кітапты сүйеге деген сүйсіну сезімі біздің дәрегімізден еш уақытта өшпейді. Білімді адамдарды, нағыз ұжымдық адамдарды тәрбиелеу-бұл балаларды, жас өспірімдер мен жастарды білім алуға, жинақы болуға үйрету деген сөз. Қазіргі кезде білім алу дегеніміз, бұл жұмыс екендігіне және онай жұмыс емес екендігіне түлектеріміздің өз тәжірибесінде көзі жетуі өте маңызды нәрсе. Оқушылардың оқуға деген көзқарасын баулу-бұл шынайы еңбек рухын, ақылды да табанды ойды жасау деген сөз. Біз ардайым: оқу неғұрлым қиын болса, қиыншылықтарды жеңіп шығу соғұрлым құрметті нәрсе деген ойды дәріптеп, қашанда қолдап, терендетіп, нанымға айналдырамыз.

Ғылымдардың негіздері жөніндегі тиянақты білім-бұл біздің заманымызда патриоттың қолындағы нағыз өткір қару; біздің уақытымызда

тәуелсіз Отанымыздың абыройы мен намысын тек осы қару арқылы ғана орнықтыруға болады. Егер математиканы, физиканы, химияны және мектепте өтетін басқа пәндерді сүймейінше, идеялық тәрбие туралы әңгіме айту бос мылжынға айналады. Оқу-оңай іс деген ой жас адамның көкейінде тіпті тұмауы тиіс. Жекелеген жас өспірімдерге, жас жігіттер мен жас қыздарға оқудың өте қиын тиетін себебі, оларға бұрын оқу өте жеңіл болған, сондықтан да олар қиындықты табанды еңбекпен жеңуге үйренбегендіктен екеніне көзін жеткізе білуіміз керек.

Күн сайын, әрбір сабақта оқушы өзінің күш-жігерін жұмсап бір нәрсеге қолы жетуі тиіс. Бұл осы заманғы мектеп дидактикасының ережесі ғана емес, сонымен бірге ұжым тәрбиесінің маңызды шарты да болып табылады. Барынша ынталану, жаңалық ашу қуанышы бастан кешу-баланың ақыл-ойының жетілуіндегі әрбір жаңа кезенге байланысты білуге құштарлығының өсуі үшін, бәсеңдеуі үшін емес, қайта өркендей тұсуі, терендей тұсуі үшін ең қажетті алғышарт. Егер, білуге құштарлықтың бөгетсіз өсуіне тәрбиешінің қолы жетсе, онда ұжым ой-пікірлерге еңбек ретінде қарайтын болады. Оқудағы ынталылық интеллектуалдық еңбек сүйгіштікке, ойдың тәртіптілігіне айналады.

Идеялық бірыңғай ойды, ой еңбегін моральдық тұрғыда бағалауға жеке адамның сергектігін тәрбиелеу- бұл мектепте мынадай өз-ара қарым-қатынастарды тудыру деген сөз, мұндай қарым-қатынастар болған жағдайда білім жансыз, қимылсыз жүкке айналмайды. Идеялық бірыңғай пікірлес адамдарды білгірлікпен тәрбиелеу-мынаған жету, оқушылардың білімі үнемі қозғалыста болуына, білім ұжымның рухани өмірі арқылы өтіп, борыш пен тәртіп, достық пен жауапкершілік қатынастарына енуіне жету деген сөз. Мектепті бітіретін сыныптағылар, біздің, тәрбиешілердің алдында отырғандар паспорты бар, әскерге шақырылатын куәлігі бар адамдар екендігін, олар өздерін ертенгі еңбеккерлер мен жауынгерлер, әкелер мен аналар ретінде сезінуге тиіс екендігін бір сәт те ұмытуға болмайды. Мектеп тәрбиесінің көптеген

қиындықтары-атап айтқанда, оқуға құлықсыздық, жалқаулық, сауық құмарлық-мынадан: жас адамның санасы мен рухани өміріндегі білімі ұжымның қоғамдық өмірінен мектеп пен ересектердің еңбек ұжымдарының арасындағы, мектеп пен қоғам арасындағы қарым-қатынастардан өмір сүретіндігінен барып пайда болады.

Педагогтық ұжым жастық және жеткіншектік шақтағы моральдық кемшіліктердің алдын алуға, жас жігіттер мен қыздарды білімді игеруге ғана үйретіп қоймай, сонымен бірге сол игерген білімдерін басқалармен бөлісуге үйретуге күш салады. Әрбір жоғары сынып оқушысының ұжымның интеллектуалдық өміріне белсенді қатысуын өзін-өзі тәрбиелеудің барлық кезеңінде біз аса көңіл аударатын творчестволық қабілеттердің жас шақта және жеткіншектік кезде «қатып қалмай», қайта онан кейін де жетіліп жалғаса беруінің алғышарты деп қараймыз. Егер жеке адамның ақыл парасаты жетілмесе, есеймесе, толықпаса, онда мектеп ұжымы идеялық, рухани интеллектуалдық бірлік болудан қалады. Ұжымның интеллектуалдық тәрбие шеберлігі мынада: педагогтың көмегімен әрбір оқушы ақылдырақ болуы керек, неғұрлым қабілетті, зерек болу тілегі мейлінше тартымды перспектива болуы керек.

Мектептегі жас тарихшылар, филологтар, математиктер мен физиктер үйірмелері, әдеби-творчестволық және өлке тану, техникалық және ауыл шаруашылық, шет тілдерді үйрену жөніндегі үйірмелері болып, бұл үйірмелердің мүшелері-төртінші-жетінші сыныптардың оқушылары, оларға жоғары сыныптағы оқушылар басшылық етеді. Әрбір үйірме жетекшісі мұғалімнің көмегімен жоспар жасайды. Мұндағы басты мақсат мынау: үйірме жұмысы сабақтарға қосымша емес, қайта таным дүниесіне апаратын өзіндік бөлек жол, қызықты ғылымға тартатын саяхат. Бұл саяхатта жол нұсқаушы жарық кітап болып табылады. Біз әрбір оқушының сабақпен қатар, оған міндетті емес тәрізді көрінетін, бай және тартымды білім дүниесі,

интеллектуалдық өмір дүниесі болуына қамқорлық жасаймыз. Сөйтіп бұл дүние мынау арқылы құрылады: ұжымның интеллектуалдық өмірінің негізінде «адамның бірігу салтанаты» жатады: жас өспірімдер, жас жігіттер мен қыздар өздерінің бойында бар байлықты беруі арқылы, сол байлықтарын бөлісу арқылы орасан зор қуанышқа кенеледі; ал олар сол байлықтарын неғұрлым көбірек берсе, соғұрлым өздері рухани байып түседі.

Мектеп оқушысының оқуы-бұл ең алдымен интеллектуалдық жұмыс, соның нәтижесінде оқушылар өздерінің творчестволық қабілеттерін жетілдіреді, білім мен практикалық дағдыларды игереді. Егер интеллектуалдық тәрбие беруде творчестволық ақыл-ой қабілетін жетілдіру мәселесі бірінші кезекке қойылмаса, онда, шын мәнінде жеке адам мен ұжымның интеллектуалдық өмірі де болмайды. Творчестволық ақыл-ой қабілеттігі білім ұжымның интеллектуалдық өміріне кіріп, жеке адамдардың рухани қарым-қатынасының құралына айналған жерде, білім беру қуаныштың, ақ жүректіліктің, адамға деген қамқорлықтың эмоциялық түріне ие болған жерде ғана дамытылады. Мен мынадай әлденеше оқиғаны білемін: өзінің терең де нәзік, жасырын сезіммен ұнатқан қызына жас жігіттің есеп шығаруда көмектесу тілегі бозбаланың бойында үлкен интеллектуалдық күшті оятады.

Интеллектуалдық байлыққа жас өспірімнің немесе жас жігіттің өз инициативасы бойынша қолы жеткен кезде, творчестволық қабілеттер ерекше жылдам жетіледі. Интеллектуалдық байлықтарды беру ісі жоғары сынып оқушыларының жасы кішілердің үйірмелерін басқаруы арқылы жүргізіліп қана қоймайды. Жоғары сынып оқушыларының ғылыми-пәндік үйірмелері тарихи-өлке тану, философия, әдебиет, биология, математика, техника үйірмелері. Жоғары сынып оқушылары бұл үйірмелердің сабақтарында рефераттар жасап, Камолот ұйымында «Осы заман» атты жастар лекторийі осы замандағы маңызды проблемалар туралы баяндамалар жасайды.

Камолот ұйымы сонымен бірге ғылыми білімдерге арналған кештерге

басшылық етеді, бұларды жоғары сынып оқушылары тұрғындарға арнап жүргізеді. Селоның шалғай шетіндегі кез келген бір колхозшының үйіне орта жастағы және есейген жастағы адамдар, көбінесе, клубқа, кітапханаға баруға мүмкіндігі жоқ адамдар аптасына бір рет жиналып тұрады. Жастар осында келіп ғылым мен техниканың жетістіктері туралы, ғылымдардың ең соңғы жаңалықтары туралы, әлемде не болып жатқандығы туралы әңгімелер айтады. Әлсін-әлі ғылыми білімдерге арналған кештер өткізілетін үйлерді, біздер, мұғалімдер, педагогикалық мәдениеттің ошағы деп атаймыз. Нақ осы арада, білім беру процесін адамның нәзік қарым-қатынастарына, бір адамның екінші адамның рухани байлығы жөніндегі азаматтық қамқорлығына айналуының арқасында, жастардың білімдері сенімге айналады.

Біз мынаған кәміл сенімдіміз; егер тәрбие жұмысы: оқып келді-жауап берді-баға алды деген шеңбермен шектелсе, білімнің сенімге айналуы жалпы мүмкін емес. Сенім қарым-қатынастар байлығы өмірлік практика болған жерде туады. К.Д. Учинсийдің: сезім мен еріктің практикалық өмірі-деген ұғымы бар. Атап айтқанда осы өмірдің өзін ұжымның рухани өз-ара қарым-қатынастары тудырады. «Ақыл-ойдың теориялық өмірі,- деп жазды К.Д.Учинсий ақылды құрайды; Бірақ жүрек пен еріктің практикалық өмірі тек мінезді құрайды. Баланың жүрегі мен еркін моральдық өсиеттермен құрауды ойлайтын ата-аналар, тәрбиешілер мен жетекшілер осы қарапайым да айқын ақиқатты жиі ұмытып кетеді. Бұл өсиеттер ақылдың жетілуіне өзінің құрау үлесін ғана қосады алайда оның өзін ақыл-ой баланың жүрегі мен еркіне титтей де ықпал жасамайтындай етіп игеруі де мүмкін, жүрек пен ерікте бұл кезде моральдық сентенциялар мағынасына мейлінше қарама-қарсы өніктер құралуы мүмкін.

Біздің түлектеріміздің білім мөлшері неғұрлым көп болса, соғұрлым ұжымның рухани, интеллектуалдық өмірі бай болуы тиіс, білім адамның қарым-қатынасы мен таным құралы болғаны соғұрлым маңызды болуы тиіс. Мектептегі жоғары сынып оқушысы өзінің жұмысы туралы былай деді: Мен

атайлар мен әжейлерге ай туралы және жұлдыздар туралы, планеталар туралы, алыстағы жарық әлем туралы әңгіме айтамын. Мен үшін ең қызықтысы және ең қымбаттысы сол, мен адамдардың қалай тіршілік ететін, олардың жан дүниесінде не бар екенін сеземін.

Оқушы ұжымының интеллектуалдық өмірі-тәрбиелеудің ең маңызды өрістерінің бірі. Егер мектепте ұжымның бай интеллектуалдық өмірі болса, егер білім оқушыларының өз-ара қарым-қатынастарында орын алса, мұндай жағдайда нағыз сенімді жасау туралы әңгіме етуге болады. Сенім біліммен бірге жайдан-жай қосылып берілмейді, оқулықтың тиісті параграфтарымен қоса үйге тапсырылмайды, жатталынбайды және есте қалмайды, сенім жасалады.

Интеллектуалдық өмір мектепте еңбек рухы үстемдік алған кезде тәрбиелік күшке айналады. Балалық, жастық, бозбалалық шақтардағы еңбек өмірі-бұл жақсы адамды қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі. Әңгіме белгілі бір еңбек нормасын орындауда болып отырған жоқ, қайта ұжым мен жеке адамның еңбек өмірі туралы болып отыр. Егер кішкентай адам балалық шағынан бастап еңбектеніп және еңбекпен өмір сүретін болса, балалық шағынан бастап көпшілікке керек жұмыс үшін, творчество үшін, басқа адамды керексінуді сезінетін болса, тек осындай жағдайда ғана ұжымның интеллектуалдық сезімдерінің, дүниеге көзқарасының, сенімдерінің, қызметінің бірлігін жасауға болады. Егер адам бала кезінде өзін материалдық және рухани игіліктердің еңбеккері, жасампазы және сақтаушысы деп сезінбесе, мұны адам бала шақтағы кездерінен бастап-ақ өзінің тәжірібесінен таныған ақиқат: тек жұмыс қана жеке адамға ар абырой береді деген ақиқат көлемінде сезінбесе, онда идеялық жағынан бір пікірлес ұжымдық адамдарды тәрбиелеп шығару мүмкін емес; адам ұжым ішінде өзін тек еңбек арқылы көрсетеді, еңбек басқа адамдар туралы пікір айтуға моральдық право береді.

Еңбек біздің заманымызда мектепке енді, бірақ баланың, жас өспірімнің, жас жігіт пен қыздың жан дүниесіне әліде біржола енген жоқ. Өте өкініштісі,

көптеген мектептерде ол өзінің тиістісін-ұжым мен жеке адамның өмірінің мәні, шабыты мен қуаныштың қайнар көзі болуға тиісті орнын алған жоқ. Еңбек шабыты, еңбек қуанышы, еңбек творчествосымен рухтану-бұл қуатты рухани күш, ол адамдарды жақындастырады, баланың тұңғыш сезімін оятады, сол сезімнің негізінде бірте-бірте азаматтық ар, басқа адаммен жақындасуды керексіну сезімі, оған өзінің рухани күш-қабілетін беру сезімі, басқа адам үшін жауапкершілікті сезіну сезімі орнығады.

Қорытынды

Педагог беделі-бұл дегеніңіз оның парасаты мен жанының перзенті, өз мұраттарына, принциптеріне, сенімдеріне ұжымда терең құрмет орнықтыра білу шеберлігі. Бедел үйлесімді тұтастықпен-педагог қылығының, мінез құлқының және сөзінің тұтастығымен жасалғанда ғана, ол тәрбиенің қуатты күшіне айналады. Педагог беделінің негізінде шәкірттер үшін өнегеге айналатын оның қызметі жатады.

Педагог тұлғасының балалар үшін еліктірерлік, тартымды моралдық-эстетикалық принциптерінің көрінуі арқылы, оның өмірлік мақсаттары мен программасының бейнеленуі арқылы оятылады. Оқушылар ұжыми мұғалім өзін ізгі мақсатқа бастап келеді деп кәміл сенуге тиіс.

Ұстаз тұлғасының шәкірттер ұжымына ықпал ету өнері мынада: белгілі бір пән туралы айта отырып, ол белгілі бір шәкірттер жүрегіне жанасқандай болып, олардың бойында өздері туралы ой мен мазасыздық туғызуға тиіс, сөйтіп, сайып келгенде тәрбиенің ең өміршең қайнары-талапқа алып келуге тиіс.

Тәрбие жұмысында кісінің ұжым ықпалына түсу қабілетін ескеру өте маңызды. Педагогтың нағыз білімдарлығы шәкірттер онан адамгершілік асқарларына жолбасшы тауып, оның сөзін өзінің ізгі сенімдеріне адал және жамандыққа, өтірікке ымырасыз болуға шақыру ретінде қабылдауынан көрінеді.

Кей-кейде әлі де болса ғылыми қызметкерлерден де, жекелеген мұғалімдерден де, өкінішке қарай естіп қалатын: көптеген мектептердегі тәрбиенің әлсіздігі «сөзбен тәрбиелеуден-без» деген тұжырымы қате тұжырым. Қолымызда шын мәніде тәрбиенің нәзік әрі сенімді, қуаттыда өткір асбабы сөз бар екені ұмытылғанда ғана тәрбие қауқарсыз, дәрменсіз болып шығады. Сөзбен тәрбиелеу деген терминнің өзі біртүрлі естіліп, онан кейбіреулер

көптеген кемшіліктер таппақ болады. Нағыз ұстаз кемеңгер сөз құралдарын жетік меңгеруге тиіс. Адамдар арасындағы қатынас мәні сөз арқылы көрінеді. Бала жүрегі ұстаздың сөзі, ойы, сенімі, кеңесі үшін ашық болуға тиіс.

Рухани күштердің өзіне көзқарас, өзі туралы пікір және ұжым пікіріне жүрек ашықтығының нәзік ұштасуының негізінде ұжымдық қатынастар: достық, өзара көмек, тәртіп, талапшылдық қатынастары орнығып дамиды.

Шәкірттерінің балалық, жеткіншектік, балаң жігіттік шағында танитын қазыналарының ішінде бірінші орында адамдар, қоғам, халық, отан алдындағы парызын орындаудан моральдық сұлулығы көрінетін адамдар өмірі мен танысу тұрады. Әрбір педагогикалық ұжымда аса маңызды сенім: жас адамның моралдық шынығуы, жұрт, қоғам, Отан алдындағы парызын өтегенде ең үлкен бақыт, ең үлкен қанағат сезіміне бөленуінде. Бақыттың бұл қайнарына әрбір шәкіртті біз идеялық толымды ұжымдық еңбекке, оның белсене қатысуы арқалы әкелеміз.

Жеткіншектер мен жастарды тәрбиелеудің көп жылдық тәжірибесі мынаған көз жеткізді: адамның өзіне-өзі байыпты, терең және талапшыл көзқарасы, өзін көндіре білу, ар-намыс әмірі мен ұятты сезіне білу қабілеті-мұның бәрі шәкірттің рухани өмірінде жұмыстың қандай орын алатынына байланысты. Еңбек қана, дене және рухани күштерді барынша жұмсау ғана, еңбекте мақсатқа жету қуанышы ғана адамның өзіне өз көзін ашады.

Әдебиеттер.

- Каримов I.A. Жоқары рухилық-жеңілмес күш. Т.2008.
- Өзбекстан Республикасы Білімдендіру туралы Заң. Т.1997.
- Макаренко А.С. Педагогикалық поэма. Н. 1976.
- Учинсий К.Д. Инсан тәрбие предметі қасиетінде.
- Учинсий К.Д. Педагогика әдебиетінің пайдасы.
- Очерки истори школы народов Азий. М.1981.
- Ібрагимов Х.І. Педагогик психология. Т. 2007.
- Слущки В.І. Элементарная педагогика. М.1992.
- Боймурадов Н. Амали психология. Т.2008.
- Қ.Қосназаров, А.Пазылов, А.Тілегенов Педагогика. Нөкіс-2009.
- Сухомлинский В.А. Ұжымның құдіретті күші.А.1979.
- Сухомлинский В.А. Еш мактаб директорлари билан сухбат.Т.1989.
- Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. А.1994.
- Жарыкбаев Қ.. Педагогика. А-А. 1998.
- Богданова, В.І. Петрова Бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмыстарының методикасы. Нөкіс-1989.
- Марьенко А.С. Организация и руководство воспитательной работой в школе. Москва-1974.
- Зязюна А. Основы педагогического мастерства. Москва-1989.
- Ақли ва ахлоқи тарбия муаммолари.Т-2012 й.
- Халқ таълими журнал. 2010-2013 йй.
- Таң нуры газетасы.

Ажинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты 4-курс талабасы Худаярова Қундыздың «**Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары**» тақырыбында жазған бакалавр бітіру жұмысына

П И К И Р

Худаярова Қундыздың «**Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуын қалыптастыру және нығайту жолдары**» тақырыбында жазған бакалавр бітіру жұмысы хәзирги ұақытта педагогиканың ең актул мәселеси болып, онда жас өспиримлердің, мектеп баслауыш класс оқыушыларының жеке қабилетин билиудің педагогикалық-психологиялық усуллары, жоллары хәм тәрбиялық тәрәплери сөз етилип, тәлим-тәрбияның халық педагогикасындағы қолланылып келинген дәстүрлерине тийкарланып жүргизилетуғыны, жас әуладлар билим алыу, кәсип ийелеу, өнер үйрениу дәстүрлерин әсиресе миллий ғәрезсизлигимизден кейин кең ен жайдырылғанлығы, булар оқыушыардың Ұатанына, миллетине деген көз-қарасын күшейтиу мәселелерин өз ишине алатуғынлығы кеңнен сөз етилген.

Біздің тәрбие жұмысымыздың жүйесінде өте маңызды форма әдептілік әңгіме формасы бар екендиги, .психологиялық-әдептілік мазмұны айқын сипатталған мыңнан астам шағын әңгімелер мен ертегілер «Психологиялық әдептілік»-осындай әңгімелердің материалы болып табылады. Бұл оқулық кіріспе тарауы әңгімелерден тұрады, ол әңгімелердің мақсаты-тәлім-тәрбие деңгейін, ұжым өміріне қатысуға даярлық деңгейін, балалардың эмоциялық тәрбиелілік деңгейін оқып үйрену. Кіріспе тараудағы әңгімелер негізінен мектепке дейінгі балалар мен бірінші сыныптағы балаларға өткізіледі.

«Психологиялық әдептілік» кіріспе тарауына енгізілген әңгімелер мен ертегілердің өзіне тән ерекшеліктері тұспалдай айтылған, жасырын ой-пікірлер болып табылады, оны белгілі бір эмоциялық тәрбиелілік дәрежесіне жеткен бала ғана түсіне алады. Эмоциялық дамып-жетілуі әлі төмен дәрежедегі балаға бұл ой-пікір ұғынықсыз болады. Бірақ, мұндай балалар үшін де өте-мөте қажет этикалық әңгімелер бар: ол кеңестер эмоциялық сергектікті оятып, тәрбиелейді, дүниені ақыл-оймен ғана танып қоймай, жүрекпен де тануға үйретеді. «Психологиялық әдептілік» кіріспе тарауындағы әдеп-ікрам, этика, эстетикалық әңгімелер-оқушылардың ұжымшылдық сезімдерін оятудағы тұңғыш сабақтар екендигі кеннен сөз етилген.